2. Ислам определил мусульманам, как они должны последовать в споре с иноверцами. Всевышний сказал: *«Неспорьте слюдьми Писания [иудеями и христианами], кроме как используя лучшее [лучшим может быть и красноречие, умение где-то промолчать, уступка, и последние технологии в вопросах просвещения, то есть все, что способствует взаимопониманию и оставляет положительный след: нагрубость ответить мягко и благосклонно, нагнев — терпеливо и сдержанно]. Исключением же [из упомянутого правила] являются тираны (притеснители) из их числа. [Очевидная тиранья заслуживает соответствующего ответа и отпора — «зуб за зуб, глаз за глаз», хотя можно и даже лучше простить, если притеснитель одумался, раскаялся и намерен мирно урегулировать ситуацию.] Скажите [им, людям Писания]: «Мы уверовали в то, что ниспослано нам [через заключительного Божьего посланника Мухаммада], а также в то, что было ниспослано вам [через пророков Моисея и Иисуса]. Наш Бог и ваш Бог — Один. [Творец всего сущего для всех Один и Един. В этом не должно быть разногласий, хотя бы между представителями небесных религий: иудаизма, христианства и ислама.] Мы покорны Ему».*<sup>38</sup>

Перед нами хадис, в котором разъясняется, что такое богобоязненность, и как идти по жизни следуя принципам. А принципы просты, быть добрым, добродушным, доброжелательным, порядочным, терпеливым, стойким и снисходительным. *«Бойся Аллаха, где бы ты ни был. Вслед за дурным сделай благое, чтобы оно его стерло. В отношениях с людьми следуй добропорядочности».*<sup>39</sup>

Абу Хамза Анас бин Малик, да будет доволен им Аллах, передал, что Пророк (да благословит его Аллах и приветствует), сказал: *«Не уверует никто из вас до тех пор, пока не будет желать брату своему того же, чего желает самому себе».*<sup>40</sup>

Были немалые случаи, когда многие личности разгневались, но посланник Аллаха (мир ему и благословение) в любых ситуациях показывал свою воспитанность и толерантность, и снисхождение.<sup>41</sup>

Религия Ислам помогает мусульманам поддерживать единство, родственные связи и равенство каждого человека. Ислам категорически против разделения людей на богатых и бедных, по цвету кожи, семейно-родовому признаку и языку своему. В священном Коране предписано быть доброжелательным и отзывчивым ко всем людям, а не только по отношению к мусульманам. Например, *«Воистину, Аллах (Бог, Создатель, Творец всего сущего) повелевает (вам, о людях) быть справедливыми, благородными (в поступках) и щедрыми к близким (хотя бы надобное слово). Запрещает вам излишества (распутство, разврат), (совершение прелюбодеяния), аморальное (с точки зрения здорового человеческого восприятия; порицаемое, отвратительное, скверное, дурное, постыдное) и (запрещает)*

---

<sup>38</sup> [Коран Сура аль-Анкабут, аят 46.](#)

<sup>39</sup> Ахмад ибн Ханбаль, Муснад, 5/153.

<sup>40</sup> Хадисов имама ан-НАВАВИ, 1-ое издание, 2002г. Стр 129

<sup>41</sup> Канз аль-уммаль, Али аль-Муттаки, 7/214, хадис № 18673.

притеснение, покушение (на честь, жизнь и имущество других). Назидает вам, так прислушайтесь же!».<sup>42</sup>

Толерантность Ислама по отношению к человеку принадлежащему к другому вероисповеданию доказывает тот факт, что Ислам не стремится чтобы господствовала одна религия:

مُخْتَلِفِينَ إِلَّا مَنرَّ حِمْرًا بُكُورًا لَدَاكَ خَلَقَهُمْ وَتَمَّتْ كَلِمَةُ رَبِّكَ لَأَمْلَأَنَّ جَهَنَّمَ مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ

وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ لَجَعَلَ النَّاسَ أُمَّةً وَاحِدَةً وَلَا يَزَالُونَ

«А если бы пожелал твой Господь, то он сделал бы людей народом единым. А они не перестают разногласить, кроме тех, кого помиловал твой Господь. Для этого он их создал».<sup>43</sup>

Толерантность должна проявляться не только между религиями, но людей исповедующие одну религию. Как мы знаем, среди верующих одной религий выявляются недопонимания, что приводят к массовым конфликтам. В этом случае, можно отметить, что ханафитский мазхаб отличается толерантностью и гибкостью. Благодаря своей толерантности и уважительному отношению к разуму, свободе мысли, свободе слова, своей рациональности смог обрести авторитет среди верующих. Нельзя забывать тот факт, что ханафитский мазхаб относится бережно к региональным традициям народов, исповедующих Ислам.

Как мы знаем основы исламской юриспруденции «усуль аль-фикх» основываются на Куран, Сунна (Хадис), Ижма, Кыяс, Масалихи Мурсела, Истихсан и на аль-Урф, который в переводе на русский язык означает «традиция». Ханафитский мазхаб в отличие от других мазхабов опирается на традиции, учитывая ее мнение, показывает ее снисходительность и толерантность к ценностям и традициям народов мира.

В конце хочется сказать, что толерантность - такая ценность и позиция, которая способна объединить убеждения, взгляды и принципы разных людей. Толерантность способна совмещать религии, идеологии и единство людей и позволяет, опираясь на человека, совершенствоваться дальше для сближения людей, не навязывая никому чуждых взглядов, норм, принципов, и ценностей. Воспитание толерантности возможно через обучение. Один из знаменитых ученых среднего века, имам Бурханеттин Эз-Зернужи написал в своей книге, которая была написана в области педагогики, что между учеником и учителем должен быть метод толерантности, который должен не только существовать, но и соблюдаться для дальнейшего воспитания народа.

---

<sup>42</sup>Сураан-Нахль (Пчела), аят 90, переводил Коран на русский язык Шамиль Аляутдинов.

<sup>43</sup>Сура Худ, аяты 118-119.

دور الإسلام

في التربية الروحية للشباب

إعداد

الأستاذ الدكتور/ جوده عبد الغني بسيوني

أستاذ السياسة الشرعية ورئيس الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك )

ألماطى - كازاخستان

إهداء

إلى

شباب كازاخستان العظيم

مقدمة

الحمد لله رب العالمين، والصلاة والسلام على المبعوث رحمة للعالمين سيدنا محمد الصادق الوعد الأمين.

أما بعد:

فمن الدواعي المهمة أن يتيقن المرء أن الدين الإسلامي شمل مناحي الحياة كلها، إضافة إلى الشهود الحضاري والعصري والمناسب لكل عصر .

والإنسانية في حاجة ملحة ودائمة إلى دين تظمن إليه وتسعى للإفادة منه في دنياها وأخرها.

ومن ثم تظهر أهمية التفاعل الديني والإيماني والسلوكي عند الإنسان بشأن تعاليم الإسلام.

ولهذا فإن الإسلام أكد على ضرورة العناية الكاملة بالمراحل الحياتية للإنسان منذ المهد مروراً بمرحلة الطفولة، ثم الشباب حتى الكبر.

ومن هنا تظهر أهمية الموضوع الذي نحن في معرض الحديث عنه، ولهذا سميته ( دور الإسلام في التربية الروحية للشباب ).

الأمر الذي يؤكد عدم اكتمال نجاح أية مطالبة بحال أحسن، وحياة طيبة، إلا بانطلاق من مفهوم تربوي إسلامي .

ومضمون البحث يمثل أطروحة علمية وصوفية وروحية لبناء الكيان الروحي والسلوكي عند الشباب المسلم حتى لا يضل الطريق ولا نحاز وراء تيار الهوى، ويقع في حبال المغرضين والمتشددين أو يستجيب لوساوس الشياطين. ولهذا قسمته إلى مبحثين:

المبحث الأول: عناية الإسلام بالشباب

المبحث الثاني: التربية الروحية للشباب من منظور إسلامي.

## المبحث الأول: عناية الإسلام بالشباب

لقد اهتم الإسلام بالشباب أيما اهتمام، واعتنى بهم عناية كبيرة، لأنهم شريان الحياة النابض بالقوة والحركة والقيادة الجادة، كما أن الشباب أكثر إقبالاً على الحق وأكثر عوناً عليه، فإن قلوبهم مازالت غضة قوية عامرة بتقوى الله، خالية من ماديات الحياة ومن الخبث والمكر.

كما أن مرحلة الشباب هي المرحلة الفضلى من حياة الإنسان، وإن نظرة فاحصة في قديم التاريخ وحديثه، ندرك من خلالها أن المبادئ العظيمة والدعوات القوية إنما قامت مرتكزة على عقول الشباب وسواعدهم.

فالشباب الواعد من أهم الفئات الذين حملوا عبء الدعوات وما صاحبها من تضحيات ومشاق، كما أن القرآن الكريم قد اثنى على فئة من الشباب المؤمن فقال: (يٰۤاَيُّهَا الَّذِيْنَ اٰمَنُوْا وَاٰمَنُوْا بِرَبِّكُمْ وَاذْكُرُوا اللّٰهَ حَيْثُ كُنْتُمْ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُوْنَ) [الكهف: 13]

والإسلام العظيم – قرآناً وسنة – منح الشباب رعاية وتربية شاملة، وإذا نظرنا إلى عناية الإسلام بالشباب، فإننا سنقف أمام عطاء غامر ودروس باهرة، تتصافر في إبراز ما للشباب من أهمية، وتلقى الضوء على كيفية المحافظة عليهم، وتوجيههم الوجهة الصحية وتربيتهم التربية السلمية، وتعليمهم ما ينفعهم ويؤهلهم لقيادة الأمة.

ومن المعلوم أن الإسلام قد اهتم بالشباب اهتماماً كبيراً، كما اهتم بتعديل سلوكهم والأخذ بأيديهم إلى طريق الحق والخير، فالإسلام ينظر إلى الشباب نظرة تكاملية شاملة تجمع بين حاجتي الروح والجسد، كما في قوله تعالى (وَمَا نَأْمُرُ بِالنَّفْسِ الْفَاسِقَةِ) [القصص: 17]

وعند دراستنا للسيرة النبوية نلاحظ أن الرسول صلى الله عليه وسلم - قدّم أسامة بن زيد، وقلده إمرة جيش كان من جنوده مشايخ المهاجرين والأنصار وذوى السابقة في الإسلام، إعلاءً لمعنوية الحبّ ابن الحبّ، تربية عملية لأصحاب النبي - صلى الله عليه وسلم - على السمع والطاعة في مرضاة الله تعالى.

كما قدم أمير المؤمنين عمر بن الخطاب - رضي الله عنه - عبد الله بن عباس - رضي الله عنهما - على كبار الصحابة، إشادة بالعلم، وعرفاناً لأقدار العلماء الذين يرشحهم فضلهم من الشباب الأكفاء الجديرين بكل تقدير وإكبار (وما نأْمُرُ بِالنَّفْسِ الْفَاسِقَةِ) [الأحقاف: 19]

فليرتفع شبابنا بأنفسهم إلى مستوى الفضل والعلم حتى تتصل قافلة الأبرار عبر العصور، وحتى يُشهد لهم بصالح عملهم، ونافع علمهم، كما كان يشهد الكبار لأمثالهم من قبل.

ونظراً لما للشباب من أهمية عظيمة ومكانة سامية، فقد حث ديننا الإسلامي الحنيف على ضرورة الاهتمام بالشباب، وتربيتهم وتنشئتهم وتكوين شخصيتهم التكوينية الكاملة المتكامل في جميع الجوانب التي تشكل الشخصية الإسلامية السوية، في الجانب الروحي والجانب الديني والجانب الخلقي والجانب العقلي والجسمي والنفسي.

وبهذا يتحقق البناء المنشود لشخصية الشاب المسلم، ويكون أكثر قدرة على حمل الأمانة وأكثر التزاماً بالأداب والمبادئ الإسلامية، وأقوى على أداء المسئولية، وقد حرص الإسلام على ذلك كل الحرص، فأنشأ جيلاً قوياً قويمًا أدى الأمانة في تبليغ الرسالة الإسلامية

## المبحث الثاني: التربية الروحية للشباب من منظور الإسلامي

إن الإسلام الحنيف متمثلاً في القرآن والسنة والمناهج التربوية النبوية اعتنى بالشباب فكرياً وعقدياً وتعبدياً وروحياً وسلوكياً.

حتى لكأننا نلاحظ الاهتمام البالغ في كل مرحلة عمرية وفي كل جانب من الجوانب الإسلامية.





حث الإسلام الشباب على اغتنام الفرص واستغلال أوقاتهم فيما ينفعهم ديناً ودنياً، لبناء شخصيتهم روحياً وعقلياً وجسماً ونفسياً وخلقياً ، وفي ذلك يقول النبي – صلى الله عليه وسلم -: ( اغتتم خمساً قبل خمس: حياتك قبل موتك، وصحتك قبل سقمك، وفراغك قبل شغلك، وشبابك قبل هرمك، وغناك قبل فقرك )<sup>(47)</sup>.

#### 4 – المحاسبة الدائمة والمسئولية

محاسبة الشباب وتعريفهم بمسئوليتهم أمام الخالق تبارك وتعالى يوم القيامة، وفي ذلك يقول النبي – صلى الله عليه وسلم - ( لا تزول قدما عبد يوم القيامة حتى يسأل عن أربع: عن عمره فيما أفناه، وعن شبابه فيما أبلاه، وعن ماله من أين اكتسبه وفيما أنفقه، وعن علمه ما عمل فيه )<sup>(48)</sup>.

#### 5 – فتح باب الطهارة وغلق باب الرزيلة

حفظ الشباب من الوقوع في الخطيئة والزنا، وتحصينهم بالزواج الذي شرعه الله، وفي ذلك يقول النبي – صلى الله عليه وسلم -: " يا معشر الشباب، من استطاع منكم الباءة فليتزوج، فإنه أغض للبصر، وأحصن للفرج، ومن لم يستطع فعليه بالصوم، فإنه له وجاء " <sup>(49)</sup>.

#### 6 – الانشغال بالعلم

حث الشباب على العلم وبذل الغالي والنفيس لتحصيله، فقد جعل النبي – صلى الله عليه وسلم- أجر من يسعى في طلب العلم كالمجاهد في سبيل الله، ففي الحديث أن رجلاً قال: كُنْتُ جَالِسًا مَعَ أَبِي الدَّرَادِ فِي مَسْجِدِ دِمَشْقَ فَأَتَاهُ رَجُلٌ فَقَالَ يَا أبا الدَّرَادِ إِنِّي أَتَيْتُكَ مِنْ مَدِينَةِ الرَّسُولِ فِي حَدِيثٍ بَلَّغَنِي أَنَّكَ تُحَدِّثُهُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ أَبُو الدَّرَادِ: أَمَا جِئْتَ لِحَاجَةٍ أَمَا جِئْتَ لِتِجَارَةٍ أَمَا جِئْتَ إِلَّا لِهَذَا الْحَدِيثِ ؟

<sup>(47)</sup> أخرجه الحاكم في المستدرک رقم ( 7846 ) 4 / 341 وقال : هذا حديث صحيح على شرط الشيخين ولم يخرجاه ، وابن أبي شيبة رقم ( 34319 ) 7 / 77 ، والقضاعي في مسند الشهاب رقم ( 729 ) 1 / 425، وصححه الألباني في صحيح الجامع رقم ( 1077 ) ، وفي صحيح الترغيب والترهيب رقم ( 3355 ) .

<sup>(48)</sup> أخرجه الترمذي وقال : هذا حديث حسن صحيح في كتاب صفة القيامة ، باب في القيامة رقم ( 2416-2417 ) 4 / 529 ، والدارمي رقم ( 537 ) 1 / 144 ، من حديث أبي برزة ، ورقم ( 539 ) 1 / 145 من حديث معاذ بن جبل ، وابن أبي شيبة من حديثه رقم ( 34694 ) 7 / 125 ، وأبو يعلى رقم ( 5271 ) 9 / 178 من حديث ابن مسعود ، ورقم ( 7434 ) 13 / 428 من حديث أبي برزة ، والطبراني في الأوسط رقم ( 2191 ) 2 / 348 من حديثه ، ورقم ( 4710 ) 5 / 74 من حديث أبي الدرداء ، ورقم ( 7576 ) 7 / 307 من حديث ابن مسعود ، وفي الكبير رقم ( 111 ) 20 / 60 من حديث معاذ بن جبل ، وفي الصغير رقم ( 760 ) 2 / 49 من حديث ابن مسعود ، والبزار رقم ( 1435 ) 4 / 266 من حديثه ، ورقم ( 2640 ) 7 / 87 – 88 من حديث معاذ ، والمروزي في تعظيم قدر الصلاة رقم ( 846 ) 2 / 83 من حديثه ، والرويانى في مسنده رقم ( 1313 ) 2 / 337 من حديث أبي برزة ، والخطيب البغدادي في تاريخ بغداد رقم ( 6907 ) 12 / 440 من حديث ابن مسعود ، وابن عساكر في تاريخ مدينة دمشق 15 / 316 ، 43 / 92 من حديثه ، والبيهقي في المدخل رقم ( 493 – 494 ) ص 317 – 318 من حديث معاذ وأبي برزة ، وصححه الألباني في صحيح سنن الترمذي رقم ( 2416-2417 ) 4 / 529 ، وفي سلسلة الأحاديث الصحيحة رقم ( 946 ) 2 / 629 ، وفي صحيح الجامع رقم ( 7300 ) ، وفي صحيح الترغيب والترهيب رقم ( 126 ) . 127 –

<sup>(49)</sup> أخرجه البخارى ( 412/3 ) ومسلم ( 128/4 ) والنسائى ( 312/1 - 313 ) والترمذى ( 201/1 ) وكذا الدارمى ( 132/2 ) وابن الجارود ( 672 ) والبيهقى ( 77/7 ) وأحمد ( 424/1 ، 425 ، 432 ) وابن أبى شيبة ( 2/1/7 ) طريق عمارة بن عمير عن عبد الرحمن بن يزيد

قال : نَعَمْ قال : فَإِنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ : مَنْ سَلَكَ طَرِيقًا يَطْلُبُ فِيهِ عِلْمًا سَلَكَ اللَّهُ بِهِ طَرِيقًا مِنْ طَرِيقِ الْجَنَّةِ وَالْمَلَائِكَةُ تَضَعُ أَجْنِحَتَهَا رِضًا لِطَالِبِ الْعِلْمِ وَإِنَّ الْعَالِمَ يَسْتَغْفِرُ لَهُ مَنْ فِي السَّمَوَاتِ وَمَنْ فِي الْأَرْضِ وَالْحِيتَانُ فِي الْمَاءِ وَقَضَلُ الْعَالِمِ عَلَى الْعَابِدِ كَفْضَلِ الْقَمَرِ لَيْلَةَ الْبَدْرِ عَلَى سَائِرِ الْكَوَاكِبِ إِنَّ الْعُلَمَاءَ وَرَثَةُ الْأَنْبِيَاءِ إِنَّ الْأَنْبِيَاءَ لَمْ يُوْرثُوا دِينَارًا وَلَا دِرْهَمًا وَأُوْرثُوا الْعِلْمَ فَمَنْ أَخَذَهُ أَخَذَ بِحِطِّ وَافِرٍ (50).

#### 6 - ارتباط المسلم بحب الأشياء الغالية والنفيسة

حث الشباب على حب الأوطان والوفاء لها، فحب الوطن من الإيمان ، والوطن مهاد لا يند منه، في ظله ياتلف الناس، وعلى أرضه يعيش الفكر، وفي حماه تتجمع أسباب الحياة، وقد ضرب لنا النبي - صلى الله عليه وسلم- أروع الأمثلة في ذلك ، حيث قال مخاطباً مكة ليلة الهجرة: (والله إنك لخير أرض الله، وأحب أرض الله إلى الله، ولو لا أني أخرجت منك ما خرجت) (51).

#### 7 - عدم الإنشغال بمساويء الآخرين

حث الشباب على البعد عن اللعن والتكفير وغير ذلك، فقد حث الإسلام الشباب على مجالسة العلماء العاملين، فإذا ما ابتعد الشباب عن العلماء فقد يضلون الطريق ويبتعدون عن الفهم السليم للإسلام ، لذلك فقد حذر الإسلام من أي سلوك معوج يسلكه الشباب مثل اللعن والتكفير.

واللعن معناه الإبعاد من رحمة الله تعالى .. لهذا جعله الرسول - صلى الله عليه وسلم- كقتل المؤمن، ردعاً للمسلمين أن يلوثوا ألسنتهم بلعن بعضهم بعضاً، لقوله- صلى الله عليه وسلم - : (إني لم أبعث لعناً ، وإنما بعثت رحمة) (52).

كما لا يجوز وصف المسلم لأخيه المسلم بالكفر، لأن اتهام المسلم بالكفر جريمة كبرى تصل إلى مرتبة القتل، وهذه داهية الدواهي، لاسيما في عصرنا الحالي، حيث كثرت فيه الاتهامات بالكفر والفسوق، حتى ولو كان المقذوف من صالحى الناس وأتقيانهم، لماذا؟ لأن هذا يختلف مع ذاك من الناس فيما ذهب إليه.

لذلك فإن من رمى مسلماً بالكفر بعد الإيمان فكأنه قتله وأزهق روحه.

وعند دراستنا لسيرة الصحابة الكرام- رضي الله عنهم أجمعين- فإننا نتعلم درساً مهماً من سيرة الصحابي أسامة بن زيد - رضي الله عنهما - كما جاء في الحديث الشريف عن أبي ظبيان، قال: (سمعت أسامة بن زيد بن حارثة ، يُحَدِّثُ ، قال : بعثنا رسول الله - صلى الله عليه وسلم- إلى الحُرَقَةِ من جُهَيْنَةَ ، فَصَبَّحْنَا الْقَوْمَ فَهَزَمْنَاهُمْ ، وَلَحَقْتُ أَنَا وَرَجُلٌ مِنَ الْأَنْصَارِ رَجُلًا مِنْهُمْ ، فَلَمَّا غَشِينَاهُ ، قَالَ : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، فَكَفَّ عَنْهُ الْأَنْصَارِيُّ ، وَطَعْنَتْهُ بِرِمْحِي حَتَّى قَتَلْتُهُ ، قَالَ : فَلَمَّا قَدِمْنَا ، بَلَغَ ذَلِكَ النَّبِيَّ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ-

فقال لي : يا أسامة ! أقتلته بعد ما قال : لا إله إلا الله ؟

قال : قلت : يا رسول الله ! إنما كان مُتَعَوِّدًا.

قال : فقال : " أقتلته بعد ما قال : لا إله إلا الله ؟

(50) أخرجه أبو داود في سننه , كتاب العلم , باب: الحث على طلب العلم ( 3/ 317 / ح 3641 ) من حديث أبي الدرداء رضي الله عنه

(51) أخرجه الحاكم 431/3، والمزي في "تهذيبه" 292/15، وتقي الدين الفاسي في "شفاء الغرام" 74/1 من طريق بشر بن شعيب، عن أبيه شعيب، به

وأخرجه الدارمي (2510) ، والترمذي (3925) - ومن طريقه ابن الأثير في "أسد الغابة" 336/3- والنسائي في "الكبرى" (4252) ، وابن ماجه (3108) ، وابن حبان (3708) ، والحاكم 7/3، وابن عبد البر في "التمهيد" 289/2 33-32/6، والمزي في "تهذيبه" 292/15، وتقي الدين الفاسي في "شفاء الغرام" 74/1 من طريق عقيل، والفاكهي في "أخبار مكة" (2514).

(52) صحيح مسلم « كتاب البر ، والصلة ، والأداب » باب النهي عن لعن الدواب وغيره رقم الحديث: 4710

” قال : فما زال يكررها عليّ ، حتى تمنيتُ أني لم أكنُ أسلمتُ قبل ذلك اليوم (53).

هذا درس يكشف عن إنسانية الرسول- صلى الله عليه وسلم – وعدله، وسمو مبادئه، وعظمة دينه وخلقه، فهذا الرجل الذي أسف النبي- صلى الله عليه وسلم- لمقتله، وأنكر على أسامة قتله، كان مشركاً، ومحارباً، ووعى أسامة الدرس إلى منتهاه، فإذا كان هذا الرجل، في هذا الموقف، ينهى الرسول – صلى الله عليه وسلم – عن قتله لمجرد أنه قال: لا إله إلا الله، فكيف بالذين هم مؤمنون حقاً، ومسلمون حقاً؟!

وبعد فهذه دعائم إصلاح الشباب وإعدادهم الإعداد الجيد، وتكوين شخصيتهم الإسلامية الاجتماعية الصالحة، مع التركيز على الإطار الروحي، والغاية من هذا الإعداد والبناء، أن ينشأ الشباب ثابتين على الحق، راسخين مؤمنين مثابرين، ملتزمين المنهج النبوي في حمل رسالة الإسلام ونشر القيم الحضارية والإسلامية، ومحافظين على السلوك والأخلاق.

وكان من آثار التربية الروحية للشباب في عصر الوحي أن رأينا نماذج كثيرة منها:

1 - أسامة بن زيد رضي الله عنه يشاوره النبي صلى الله عليه وسلم في حادثة الإفك ، ويسلمه قادة الجيش الذاهب إلى الروم.

2 . - عتاب بن أسيد ، يجعله أميراً على مكة

3 - عبد الله بن الزبير ، يقود الغلمان لمبايعة النبي صلى الله عليه وسلم

4 . - ومصعب بن عمير ، يرسله داعية إلى أهل المدينة ، فيسلم على يديه أكثر أهلها ، ويدخل نور الإسلام كل بيت من بيوتها

ومن ثم يمكننا القول: بأن الشباب في كل عصر ومكان في حاجة إلى المخلصين المستبشرين الذين يعرضوا سماحة الإسلام في ظل متطلبات العصر، ويأخذوا بأيديهم إلى رحاب الهدى والإيمان والنور، فتزداد ثقتهم في الله ، ويقوى إخلاصهم وتستنير أرواحهم وطبائعهم.

والله ولي التوفيق والحمد لله رب العالمين

Абдрахманова А.Б.  
Т.Жургенов атындағы Қазақ  
Ұлттық өнер академиясы  
Алматы қ., Қазақстан

## Ислам дініндегі өнердің жастар арасындағы орны

### Аннотация

*Бұл мақалада ислам дініндегі сәулет өнерінің қалыптасуы мен дамуы, ислам дініндегі өнердің жастар арасындағы орны қарастырылды.*

Тәуелсіз еліміздің даму жолындағы бір ерекшелігі – қоғам өміріндегі діннің кушейуі болып табылады. Дін мен мәдениеттің арақатынасы жөнінде қыруар пікірлер айтылуда. Осы мәселеге байланысты ғылыми қорытынды жасау үшін алдымен қоғам өмірінің ең маңызды ұстанымы саналатын дін мен мәдениеттің, өнердің арақатынасын анықтайық. Бүгінгі мәдениеттану, және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды. Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Мәдениетке өнердің де қатысы бары әлемге әйгілі. Дін әлеуметтік құбылыс, қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде

адамзат өмірінде аса маңызды рол атқарады. Әлеуметтану ғылымдары ішінде ең көп дау - дамай туғызғандардың бірі мәдениеттану болып табылады. Ал, мәдениет ұғымы, шынында, өте кең ауқымды қамтиды. Әр қоғамның қоғамдық қасиеттерінің материалдық және рухани тамырлары бар. Мәдениет дегеніміз осы рухани қатынастардың ғасырлар бойы етене араласуы нәтижесінде қалыптасатын нәрсе. Сондықтан, заман өзгеріп, мәдениеттің кейбір тұстары өзгеріске ұшырағанымен қоғам өзінің мәдениетін сақтап қалуға тырысады. Заманауи әлеуметтану ғылымдары қатарынан социология, психология, мәдениеттану, философия, саясаттану, өнертану дінді зерттеумен шұғылданады. Ең алдымен «Дін» сөзіне тоқталайық. «Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, шариғат, заң, жол, тіпті, кейбір жағдайларда ұлт деген ұғымды да қамтиды [1]. Ал «діннің» термин ретіндегі мағынасын, Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жан-дүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Аллаһтың разылығына кенелумен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді деп түсіндіруге болады. Ислам дінінің көшпелі және руларға бөлінген араб қоғамында пайда болғаны белгілі. Дегенмен, Ислам діні негізінен отырықшылықты, қалалық мәдениетті уағыздайды. Қазақ халқының тарихына қарайтын болсақ, ірілі - ұсақты рулар мен тайпалардың басын қосқан күш осы Ислам діні болған. Ал өнер адамның қоғамдағы орнын мәдениеттілігін, қабілетін білдіреді. Ислам - көркемдікті ұнатып, барлық нәрседен көркемдік пен сымбаттылыққа үндеген дін болып есептеледі. Өнер - эстетикалық шығармашылық, сондықтан Ислам оған қарсылық білдірмейді. Ислам эстетикалық негіздермен салыстырғанда, адамгершілік негіздеріне басым мән береді, яғни эстетикалық негіздер адамгершілік негіздерінен кейін тұрып, онымен тығыз байланыста болады. Бұл Исламның өнердің барлық түріне қатысты көзқарасы. Өнердің қай түрінде болмасын, оның құндылық дәрежесін анықтауда: "көркемділік - жақсылық, жағымсызда - жамандық бар" деген Исламдық ұстаным басшылыққа алынады. Өнермен мәдениет және дін бір бірімен тығыз байланыста болады. Өнердің дін жолындағы орнын айтып өтер болсақ, қоғамдарды басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады. Құран текстері исламдық сурет және сәулет өнерінде негізгі өрнектік міндет атқаратын мәнін де сақтап қалған. Құран идеялары мен бейнелері осы күнгі мұсылмандардың оқыл – ойына, тәлім – тәрбиесіне әсер етпей тұра алмайды [2]. Әсіресе жастар арасында өнермен дін арасындағы байланысты ажырата алмай шатасып жүргендерде кездеседі. Дін өнермен байланысты екені көне замандағы шебер жазулар мен мешіттерді безендіру істері арқылы көруге болады. Мешіт қабырғаларындағы сурелер мен аяттардың жазылуы көне замандағы шығыс елдерінде дамыған каллиграфия өнерін де айтып кетпеске болмас. Осындай шебер жазу қазақ даласында кеңінен тараған ислам өнерінің үлгілерінің бірі болып табылады. Негізінде бұл жазулар геометриялық фигура немесе өсімдік бейнесінде куф, сулс деп аталатын араб классикалық жазу үлгісінде Құран аяттарын, әртүрлі тақырыптағы хадистерді шеберлікпен, бояу арқылы немесе ойып, бедерлеп жазу. Мұндай жазу үлгілері кесене, мешіттерді безендіруге қолданылған. Сонымен қатар мұндай куф араб жазуларымен безендірілген жезден жасалған майшам тұғырлары, ыдыс - аяқтар (ҮІІІ-ХІ ғ.) Қазақстан территориясынан археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған. Дін мен өнердің бір-біріне ұқсастығы олардың сезімдік-бағалық табиғатының танымдық-акпараттық табиғатынан басымдылығында. Өнер мен діннің; ұзақ тарихи дамуы мен өзара байланысы барысында, әрбір әлемдік дінде соның жүйесінде басым дамыған өнер түрлері қалыптасты. Мысалы, буддизм үшін мүсіндеу өнері мен әшекей-безендіру қолөнері, ислам үшін сәулет өнері мен қолөнері, каллиграфия, христиан діні үшін бейнелеу өнері, мүсін өнері және т.б. тән. Ислам дінінде, Құдай бейнесін, пендені, жанды заттарды, хайуан-мақұлықты бейнелеуге тыйым салынады. Яғни әлемді жарату бір Құдайға ғана тән қасиет болса, сол жаратушының қолынан жаратылған әлемді жұмыр басты пенденің қайталау мүмкіндігі жоқ деп есептеледі. Бұл тыйым, бір жағынан, халықты толығымен пұтқа табынушылықтан, тәңіршілдіктен айырудың жолы болған шығар деп ойлаймын. Соның

нәтижесінде бейнелеу өнері ислам өркениетінде саналы түрде қалыптаспады. Оның есесіне сәулет өнері, қолөнері, безендірушілік ою-өрнек, каллиграфия керемет дамыды. Каллиграфия — әсем жазу, нақышты жазу өнері жазуды әсемдік объектісіне айналдырды. Ислам әлемінде жазу заттар жүйесінің ішінде үшінші орында тұрады екен. Егер бірінші болып ақыл-ойдағы пікірлер, екінші болып сол идеялардың тілде сөз арқылы көрініс табуы тұрса, үшінші болып сөздің тұрақты кейіпке айналуы — жазу тұрады екен.

Мұсылман каллиграфиясы – бейнелеу өнерінің жоғары жетістігі ретінде қабылданып, көркем сурет жанрында ерекше орын алды. Ерте заманнан бері мұсылмандар каллиграфияны «көркем өнердің ең озығы» деп таныған. Каллиграфия немесе әсемдеп хат жазу үлгісі Ислам діні дамытқан өнер түрлерінің арасында ерекше орын алды. Каллиграфияға көңіл бөлу Құран аяттарына деген құрметтен туындаған. Құран Кәрімді көшіріп жазу – қажетті шара болса, аяттарды барынша әсемдеп жазу Аллаһтың разылығына бөлейтін сауапты амал болып саналған. Дініміз тірі жаратылысты салуға тыйым салғандықтан, мұсылмандардың көркем өнерге деген құштарлығы жансыз әрі пішінсіз бейнелеу өнерімен айналысу арқылы шешім тапты. Бұл өз кезегінде діни талаптарға сай болумен қатар, адам бойындағы сұлулыққа, әсемдікке деген әуестік пен құштарлықты да қанағаттандыра алды. Исламға тән абстрактілі ойлау каллиграфия өнерінде өз көрінісін тапты деуге болады.

Араб әріптерімен әдемі жазу үлгісі «хат» немесе «хутут» деп аталады. Тарихи бастауы негізінен VI және X ғасырларға тән арабша «хат» деген сөз «сызық» деген мағынаны білдірді екен. Жазулар көлемінің ірілі ұсақтығына қарай түрлі атауларға ие. Қабырғаларға ілінетін тақталар мен кілемшелерде, мешіт, мазар секілді діни кесенелер мен күмбез жазуларында, кесенелерде және алыстан оқылатын жазулар «жәли» (ірі жазу) деп аталды. Жазу өнерінде қолданылатын құрал қалам. Каллиграфия өнерінде қалам ретінде көбіне қамыс қолданылған. Қамыстың ұшы жазатын жазудың қалыңдығына қарай арнайы бәкімен ұшталған екен. Ірі (жәли) жазулар болса ағаштан жасалған қалың ұшты қаламдармен жазылған дейді. Өте жіңішке жазуларға темір ұштар да қолданылған. Жазу өнерінде қолданылған сиясауыт та арнайы әзірленеді. Сұйық әрі майлы заттан тұратын бұл сия құйып жазатындықтан қате жазып қойған тұста өшіру оңай. Каллиграфия өнерінде қолданылатын қағаздар да ерекше болған екен. Сияны тым сорып алып жайып жібермеу үшін қағаз бетіне қаламның тез жүруін жеңілдететін ахар деп аталатын зат жағылатынын көне шығыс тарихынан білеміз. Мұсылман каллиграфиясы аяттарды жазумен шектеліп қалмай, кейіннен сәулет өнеріне де сіңді. Ескерткіш, ғимараттардың қабырғаларын мағыналы өлең жолдарымен, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерімен сәндеген бұл жазулар шығыс сәулет өнерінің өзіндік ерекшелігіне айналды. Араб каллиграфиясы ою-өрнекке байланыстыра отырып, ерекше әсер береді. Каллиграфия өнері, бір жағынан қасиеттілігі үшін, екінші жағынан аса көркемділігі, яғни эстетикалылығы үшін өте жоғары бағаланды. Каллиграфтар келе келе жазудың небір жаңа әдістерін ойлап таба берді. Каллиграфия исламдағы қасиетті өнер әсемдік әрі сәндік рөл атқарды. Каллиграфия араб мұсылман мәдениетіндегі сәулет өнерінде мәтінді жеткізу тәсілі ретінде және жай сәндеу құралы ретінде қолданылды. Мешіт, мұнаралары алыстан көз тартатын әдемі қалалар, сарайлар өз стилдерімен ерекшеленді. Жолаушылардың сапарда жолында дамылдауына қолайлы алып керуен сарайлар әдемі ою өрнекпен көмкерілді. Мешіттердің ішкі жағына кілем секілді етіп, әдемі ою-нақыштар салынды. Осы күнге дейін сақталған қала сыртындағы қаланың дәулетті тұрғындары тұратын елді мекендер тек бекем қабырғаларымен ғана емес, әдемі жазбаларымен, әшекейлілігімен тамсандырған керуенсарайларды қалыптастырды. Сәулетшілер сарайлар мен мешіттердің қабырғаларын араб жазуымен, стильге келтірілген гүлдер мен геометриялық және өсімдік тектес өрнектермен көмкеріп отырды. Бұл басқа мәдениеттерге ұқсамайтын сол заманның озық үлгілерін тудырды. Мысалы, Тәж Махал, Стамбулдағы Көгілдір мешіт, Самарқанд, Исфаһан мешіттері, Гранадағы Альгамбра сарайы, Кордова сарайлары мен мешіттері, Тараздағы Айша бибі, Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи мешіті. Бұл аталған ғимараттар сәулет өнерінің негізі болып табылады.

Бәрімізге белгілі сәулет өнері – бұл қандай да бір қоғамның эстетикалық көркемділігімен техникалық мүмкінділігіне сәйкес адам өмірі мен іс - әрекеті үшін қажетті мекемелермен құрылыс нысандарын жасау және жобалау деген мағынаны білдіреді. Сәулет өнерінің негізгі мақсаты – мекеменің эстетикалық аяқталған шығармашылық көркемдік формасын беру, адамдардың өмірін ыңғайлы да әдемірек ету. Әсемдік сәулет өнеріне қайталанбас ерекше сәулет стилін жасаған, яғни өте қиын көркемдік әдіс құралдарды пайдаланған мұсылман сәулетшілері үлкен үлес қосты. Мұсылман сәулет өнерінің тілі өте бай, әралуан және күрделі. Себебі ол әрқашан ислам қоғамының дүниетанымы мен идеяларымен байланысты болды. Алла тағаланың атымен мұсылман сәулетшілері тасқа қашап шынайы үйлесімділікті жасады. Мұсылман сәулет өнерінде үлкен мағынаға ритм ие, яғни мекеменің жеке элементтерімен бөліктерін өте айқын етіп бөліп көрсету. Симметриялық және ассиметриялық композицияларды қолдана отырып көркемдік құралдарды мекеменің формасы мен элементтерін пайдалана отырып мұсылман сәулетшісі өзінің көзқарасы бойынша бұл формаларды ауыр немесе жеңіл, тыныш немесе динамикалық бір түсті немесе түрлі түсті етіп жасай алады. Құрылыс жүріп жатқан жердің климатын ескере отырып, ол жарық пен көлеңкені өте тиімді орналастыра отырып, оған көркемдік түр бере білген. Ислам сәулетшілерінің еңбектері оюлармен безендіріліп, өз формасы мен байлығымен ерекшеленеді. Исламның мәдени құрылыс нысандарына әдемілік, қапырық күннің, ыстық құмның бейнелері тән. Мешіттің көгілдір күмбездері, минареттің тамаша мұнаралары, фантандағы судың сылдыры адам жанына жеке өз сенімділігін ұялатады және оған жарқын да қуанышты дүниетанымдылықты сыйлайды. Уақыт үнемі алға қарай жылжуда, сонымен бірге өркениет дамып, үлкен көлемдегі құрылыстар салынуда. Қазіргі өмірді сәулет өнерінсіз, құрылыссыз елестету мүмкін емес. Құрылыс процесі де өзгеріп, қазір ең ауыр құрылыс жұмыстары машинаның көмегімен жасалынады. Ал бұл өз кезегінде сәулет өнерінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, көлемін үлкейтті. Қазір жүздеген жаңа материалдар пайда болып мекемелер салудың күрделі процесі жеңілдендірілді. Тек сәулет өнерінің негігі принциптері өзгеріссіз қалды. Пайда, мықтылық пен әдемілік композициялық әдістердің жаңа түрлерін іздеу әлі күнге дейін жалғасуда. Өнердің бір түрі ретінде ол рухани мәдениет саласына жатады. Адам айналасындағы кеңістікті қалыптастырады. Әр халықтың сәулет өнерінің бейнелеу құралдары – композиция, тектоника, масштаб, пропорция, ритм, көлем пластикасы, фактура және материалдардың түстері бір – бірінен қатты ерекшеленеді. Ислам сәулет өнері – дүниежүзіндегі сәулет өнерінің алтын қорына енетін Ислам дінінің ықпалымен бой көтерген ерекше үлгідегі ғимарат кешендерінің жүйесі болып табылады. Тарихи деректерге сүйенсек Ислам діні кеңінен тарай бастағанында әсемдік ұғымдары мен салт-дәстүрлеріне сәйкес келетін Мешіт, Медресе тәрізді жаңа құрылыс нысандары салына бастады да, Ислам сәулет өнерін қалыптастырып, дамытты делінген.

Қазір осы Ислам архитектурасының ең бір ғажайып туындысы болып Меккедегі үлкен Мешіт – Нарам Әл-Мәжид саналатыны бәрімізге белгілі. Ашық алаң ортасында қасиетті Қағба тұр да, төрт жағынан бірнеше қабат ашық галереялармен қоршалып, оған тарихи Сафа, Маруа төбелері де галереямен жалғастырылған. Сонымен қатар қағба сыртындағы қара материалмен қапталатын алтын және күміспен жазылған Құран сүрелері жылына бір рет жаңартылып отырған екен [3, б.565-567]. Ислам сәулет өнерінің өзіндік бір ерекшелігі әлем сәулет өнерінде кездеспейтін мұнаралы тұрғын үйлерді салу болып табылады. Олардың кейбірінің биіктігі 11 қабатты тұрғын үйлерге тең деп берілген кейбір деректерде. Заман өзгеріп, әр ғасырдың сәулет өнері тарихтың куәгері ретінде, сол заманның символы ретінде ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып қалып отырады. Исламға тән өнердегі адам бейнесін бейнелемеу сияқты заңдылықтар қазақ жерінде де өз ықпалын көрсетті. XII ғасырлардағы адам бейнесінде тасқа қашалып жасалған балбал тастарда адам бетінің бедерлері нақты көрсетілмеген. Сол кездегі айналымда жүрген ақшалардың нысандары мен бет - пішіндері өзгертілген. Қазіргі уақытта ислам өнерге қарсы деген сөздер көп айтылып жүр, ал шын мәнінде бұл олай емес.

Адамдардың әдемілік туралы көзқарастарының әр түрлі болуына қарамастан, кез – келген адамға жаратылыстың әдемілігін шынайы түрде сезіну тән және бұл құдіретті Алла тағаланың, Адам атаның барлық ұлдары мен қыздарына берген сыйы. Әдемілік өнердің өте көп элементтеріне керемет мұсылмандық сәулет өнері, декор мен каллиграфия, тігін өнері мен барлық мүмкін болатын қол өнер, сонымен бірге халық қол өнері: ағашты өңдеу, кілем тоқу, металды өңдеу тұрмыс заттармен тағы да басқа заттарды әшекейлеу тән. Өнердің бұл түрлі салаларының әдемілігін ерте кездегі қол жазбалардың безендірілуінен мұсылмандық өнерден көруге болады. Әр түрлі кітаптардың оюлары сондай шеберлікпен жасалып, әдемі бояулармен боялған кезде, әріптер түрлі жазулармен жазылғанына қарап оларды нағыз асыл затқа айналдырғанын көре аламыз. Ислам сәулет өнерінің декоративті жинақтылығымен шеберлігін бағалау үшін кез – келген мұсылмандық сарайға көңіл аударып көруге болады. Мешіттер мен медреселер қарапайым ислам руханилығының нұр шапағаты төгіліп тұрған жарық құрылыс нышаны екені көз тартады. Осындай шеберлер жасайтын өнердің негізгі түрлері: мүсін, кескіндеме, графика, дизайн және қол өнері болып табылады.

Бірақ олардың арасындағы шекараны анық белгілеу өте қиын. Себебі олар өзара байланысты. Бейнелеу өнерінің өзіндік жанрлары, түрлері болады, соның ішінде кескіндеме өнерінің түрлері ретінде ерте заманда қолданған кескіндеме өнері, каллиграфия жазуы, сәулет, қол өнер түрлері безендіру мен жазу кезінде қолданыста болған. Бұл жерде сонымен қатар миниатюра үлкен орын алады. Ол қағаз, сүйек, ағаш немесе фарфордан жасалынған негізі акварель, май, лак, гуаш немесе темпера мен орындалатын шағын форматтағы көркем сурет. Біз ислам дініндегі өнердің, мұсылмандық көркем суреттің жастар арасындағы орны туралы да пікір таластар болғанын жасырмаймыз. Исламда пейзаж, сәулет өнері, натюрморт және басқа да заттарды бейнелеуде ешқандай қарсылық болмаған. Тек жаны бар бейнені салуға және оған көне ғұрып бойынша табынуға болмайтынын атап көрсеткен. Қасиетті Пайғамбар (с.ғ.с.) өте қатаң түрде барлық мұсылмандарды адам мен жануарларды бейнелеуге болмайды деп ескертті. Осыған байланысты барлық құдайға сенуші адамдар бұрында және қазіргі уақытта да осыны ұстанады. Бұл тыйым салудың ұрпақтан ұрпаққа дейін жалғасып өмір сүруі, мұсылмандарды өз ойларын шығармашылық негізде білдірудің жаңа дәстүрлі емес формалары мен амалдарын іздестіруге мәжбүр етеді. Исламдық сурет өнерінің қайталанбас тартымдылығы оның керемет жылылығымен шуақтылығында, суретшінің өзінің көркемдік әсерін айқын көрсете білуінде жатыр. Өмір, оның үндестілігі, ұлылық, әдемілік, суретшіні жайма шуақ хабарлы образдарды жасауға шабыттандырады. Әрине, ислам суретшілері үшін ең көріп салатын суреттері – ол кез келген мұсылман үшін қасиетті Ал – Каба, исламның екі қасиетті қаласы – Мекке мен Медина, қасиетті құранның суреті және сонымен бірге арабша жазылған Құдіретті Алла Тағаланың аты. Олардың рухани өнегелік тақырыпқа жазылған картиналарының композициясы әрқашан терең ойластырылған және онда ешқандай кездейсоқтық жоқ. Оларға түстің ашықтығы, айқындылығы, дұрыс таңдалып алынған жарықтың үйлесімділігі тән. Бұндай шығарма суретшінің діни философиялық мән - мағынасы бар өзіндік ұстанымын білдіреді. Бұдан басқа, ислам суретшілері туған табиғатын салғанды ұнатады. Олардың картиналарында адамның сезімі мен уайым қайғысы өте терең көрінеді. Табиғаттағы ерекше сәттерді білдіретін еңбектері сол шығарманы қоршаған ортамен бөлінбес тұтастықта қабылдауға, одан табиғаттан даму заңдылықтарын іздеуге көмектеседі. Негізгі көңіл аударған мәселелері тек жабайы қолданылмаған табиғат ғана емес, сонымен қатар адам еңбегі саналған егістік, жайылым жерлерде туған табиғаттың әдемілігі мен және қайталанбас тартымдылығымен шабыттанды. Олар үндестігі мен түстің ашық айқындылығы бойынша өте таңқаларлық картиналар жасады. Көрерменді туған табиғатының қуанышты, өмірде бар образдарына ендіре отырып, оған дала мен тау пейзажының өзіндік әдемілігін, шексіз кеңістік пен тыңыштықтың ерекше поэзиясын көрсете отырып олар сол адамда табиғат пен адамның тұтастығын гуманистік түрде қабылдауды қалыптастырады.

Өкінішке орай соңғы кездері біздің елде де шетелдерде де өздерін суретші – мұсылман деп атайтын адамдар пайда бола бастады. Бірақ шын мәнінде олардың құр атынан басқа мұсылман көркем суретімен ешқандай байланысы жоқ. Осыған байланысты айта кету керек дәстүрлі исламға қарсы, әрине ол құдайлардың суретін, мұсылман дінінің арлық жауларын және де жалаңаш денені салу болып табылады. Сонымен қатар еуропалық көркем суреттің көркемдік образдары, батыстың өмір сүру үлгісін насихаттайтын олардың талпыныстарымен идеяларын көрсететін картиналар исламға мүлде жат. Сурет салу суретшінің дүниетанымына байланысты. Дүниетаным – ол суретшінің жалпы мәдениетін құрайтын философиялық, эстетикалық, діни өнегелік идеялардың жиынтығы. Дүниетаным суретшінің шығармашылығында көрініс табатын өмірлік құбылыстардың мән – мағынасын айқындайды. Сонда да оның жеке дүниетанымы қаншалықты терең әрі маңызды, рухани болса, сол ғұрлым шығармасы мазмұнды болады.

Сондықтан ислам әлемі қазіргі уақытта барлық адамзатқа беріп отырған мәдени құндылықтар арасында үлкен орын алады. Қорыта келгенде – өнер - эстетикалық шығармашылық, сондықтан Ислам оған қарсылық білдірмейді. Ислам эстетикалық негіздермен салыстырғанда, адамгершілік негіздеріне басым мән береді, яғни эстетикалық негіздер адамгершілік негіздерінен кейін тұрып, онымен тығыз байланыста болады. Бұл Ислам дініндегі өнердің барлық түріне қатысты көзқарасы. Мұсылман сәулет өнерінің тілі өте бай, әралуан және күрделі. Сондықтан кейбір жастарға өнер жолындағы исламның орны еркеше, әрі ғажайып туындыға толы екенін айтып өткеніміз жөн. Жастардың ойындағы дін мен өнердің, мәдениеттің ара жігін айырып өнеріміздің барлық түрін дамытып дінімізді құрметтеуге шақырамын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі, Халифа Алтай, Мадина.
2. Красковский. Коран, 686-709.
3. Искусство 7-том, «Аванта» Москва 2001ж., 565-567 беттер.
4. Ислам және Қазақстан мәдениеті, - Алматы 2003, 12-15 беттер.
5. Жоржи Зейдан "Ислам мәдениеті тарихы" Москва, 1986, 187 бет.

**Байтенова Н.Ж.,**

филос.ғ.д., әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының профессоры

#### **Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы**

**Абстракт.** ХХІ ғасыр тек қана жаһандану, вестернизациялану, модернизациялану ғасыры емес, сонымен қатар исламның бүкіл әлемге кеңінен таралуымен де айқындалады. Жаһандану жаңа бір мәдени жағдайдың туындауына негіз болып отыр. Қаншама негіссіз болып көрінгенмен, бүгінгі күні жаһандану тек қана вестернизациялануды немесе модернизациялануды, яғни батыстық құндылықтар мен батыстық өмір салтын ғана білдірмейді, ол сонымен қатар исламдық өмір салты мен исламдық құндылықтардың кеңінен таралуын білдіреді, оның батысевропалық тұрғындардың бір бөлігі үшін тіпті дәстүрге айналғандығын да білдіреді. Бұл бір жағынан, мұсылман елдерінен миграция процесінің



және де мұсылман халықтарының ерекше тез қарқынмен өсуіне байланысты болса, екінші жағынан, тұрғылықты халықтың исламды қабылдап ұстануымен де тікелей байланысты.

Қазіргі Еуропаға исламның әсері зор, кейбір аналитиктердің пікірі бойынша, 50 жыл аралығында Еуропа мұсылмандық сипатқа ие болады. Демографиялық көрсеткіштерге жүгінетін болсақ, Еуропаның мұсылмандық бөлігі тез қарқынмен өсіп келеді. XX аяғы мен XXI басында Азия мен Африка елдерінен мономәдениетті және моноконфессионалды Еуропаға миграциялық ағымның күрт өсуіне байланысты тұрғылықты халық арасында мұсылмандардың үлесінің өсуіне әкелді. Егер 1992 ж. Батыс Еуропада 7 млн. мұсылман болса, бүгін, кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, мұсылмандардың саны 40 млн. жетті. Эксперттердің болжамына арқа сүйейтін болсақ, 2050 жылға қарай мұсылмандардың саны Еуроодақта мұсылмандардың халық өсімнің жоғарғы деңгейде болуына байланысты және де Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан мұсылман иммиграциясының жалғасып, тіпті үдей түсуіне байланысты екі есе өседі. Еуропа елдерінің ішінде қазір Францияда ең көп мұсылмандар (5-нан 9 млн.-ға дейін) тұрса, Германияда 3,2-ден 3,5 млн.-ға дейін, Швецияда мұсылмандар тұрғылықты халықтың 14%, Нидерландыда тұрғылықты 16млн. халықтың 1 млн. мұсылмандар болып табыласа, Швейцарияда 7,5 млн. тұрғылықты халықтың 400 мыңға жуығы мұсылмандар болып табылады. Өркениеттік сынық қазір көбінесе Солтүстік Америкада да жиі көрініс табуда.

Батыс аналитиктерінің болжамы бойынша еуропалық мұсылмандардың саны тек миграциялық үрдістердің негізінде немесе халық санының өсімінің жоғарғы деңгейде болуына байланысты емес, сонымен қатар, ислам қатарына этникалық немістер, француздар, ағылшындар және басқа еуропалықтардың қосылуына да байланысты, мысалы, тұрғылықты француздардың 300 мыңға жуығы исламды қабылдады.

Бүгінгі әлемде Ислам барлық бағытта өте жедел қарқынмен таралып жатыр, бұл заманауи әлем бейнесін түбегейлі өзгеріске алып келуі мүмкін. Бүгінгі таңда ислам сан жағынан және таралу аумағы жағынан және де халық санының тез қарқынмен өсуіне байланысты соңғы 25 жыл ішінде жеткілікті дәрежеде тарала бастады, соңғы жылдары мұсылмандардың саны 3 есе өсіп алғаш рет әлемдік деңгейде христиандардан асып түсті. 1973 жылы әлемде 500 миллион мұсылман болса, бүгін бұл сан 1.5 миллиардтан 2 миллиард аралығында деп атап көрсетіледі. Бұл планетадағы әрбір төртінші адамның мұсылман екендігін білдіреді. Дәстүрлі түрде сан жағынан әдетте Азияның, Солтүстік және Батыс Африканың көп бөлігі мұсылмандардан тұрады.

Бүгінгі заманның бет бейнесін түбегейлі өзгеруіне алып келуі мүмкін бірден бір маңызды факторлардың бірі бұл бүгінгі күні Араб әлеміндегі болып жатқан саяси әлеуметтік үрдістер мен үдерістер. Қазіргі әлемдік саясатқа «араб көктемі» деген атпен мәлім болған саяси әлеуметтік оқиғаларды осы мәселе тұрғысынан ерекше атап өтуге болады. «Араб көктемі», жалпы араб елдерінде болып жатқан күрделі өзгерістер, ең алдымен билік, сайлау мәселелеріне байланысты болып жатқан өзгерістер, осы процестерге радикалды исламистік ағымдардың белсенді түрде қатысуы және белгілі бір дәрежеде атаулы нәтижелерге жетуі үлкен бір өзгерістер мен трансформацияларға алып келуі туралы болжам ғана емес, тіпті бүгінгі күні өте айғақ факторлардың біріне айналып отыр деп тұжырым жасауға толық негіз бар. «Араб көктемінің» нәтижесі араб елдері, жалпы мұсылман елдеріне ғана емес, қазіргі бүкіл әлемнің заманауи бет бейнесіне түбегейлі әсер етіп, күрделі өзгерістерге алып келетіні ендігі жағдайда ешбір күмән туғызбайды. Бірақ «араб көктемінің нәтижелері» қаншама позитивті немесе негативті нәтижелерге алып келе ме, қазіргі әлемнің заманауи бет бейнесіне қандай бағытта және қандай тұрғыдан әсер етеді, оған нақтылы қазіргі уақытта біржақты жауап беру біршама қиындық тудыруда.

Мұсылмандардың санының тез қарқынмен өсуіне қарамастан, мұсылмандардың тұтас қауымдастығы туралы мәселе өте күрделі мәселелердің біріне айналуға. Бір жағынан, радикалды, шеткі көріністегі исламға негізделген мұсылман елдері, екінші жағынан, кедей

және бай мұсылман елдері арасындағы экономикалық алшақтық. Бірақ нәтиже әруақытта да бірдей: ішкі қарама қайшылықтарға қарамастан, бірлік пен пікір таласқа қарамастан, Ислам біртұтас идеология болып және заманауы әлем бейнесін түбегейлі өзгертіп бүкіл әлемге таралуда.

Соңғы бірнеше онжылдықтың ішінде мұсылмандар еуропалық қауымдастықтың жай ғана бөлінбес құрамдас бөлігі болып қана қойған жоқ. Олар осы қауымдастықтың мәдениетін түбегейлі өзгертті. Еуропада мұсылман қауымдастығының өсуімен қатар, ислам догматтарын терең меңгерген тұрғылықты еуропалықтардың саны да өсуде.

Бүгінгі күнде Еуропада исламның орын алуы табиғи құбылысқа айналып отыр және де тіпті кейбір еуропалық елдерде негізгі діндердің біріне айналып отыр. Франциядағы екі жетекші конфессиялардың культтік құрылыстарының арақатнасы осыған жақсы мысал бола алады. Франциядағы католик шіркеуі соңғы 10 жыл ішінде тек 20 храм ғана салып, осы аралықта 60 храмды жабуға мәжбүр болды, тіпті La Croix католик басылымының мәлімдеуі бойынша жабылған католик шіркеулері жақын арада мешіттерге берілуі мүмкін. Соңғы 10 жыл ішінде Францияда мешіттердің саны екі есе өсті, бүгін олардың саны 2 мыңнан асады. Бірақ осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, Франциядағы негізгі дін католик дінінің құлдырауы бұл мұсылмандардың мәселесі емес. Бұл француздардың өздерінің мәселесі.

Бүгінгі әлемде, әсіресе, Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде «исламофобия» кең етек жаюда. Француз саясаткерлері, Марин Ле Пеннен бастап экс-президент Саркозиге дейін «ислам» тақырыбын пайдаланып президенттік сайлауы қарсаңында өздеріне ұпай жинамақшы болды. Осылай мұсылмандарға қысым жасау арқылы саясаткерлердің қандай да болмасын нәтижеге жетулері күмән тудырады, олар керісінше осындай іс шара арқылы исламды ұстанатындардың ашу ызасын, наразылығын тудырып, Еуропадағы мұсылмандардың қазіргі жағдайларына наразылығын пайдаланатын исламистер идеологиясының бұрыннан да бетер беделін өсіруге негіз болады.

Ірі ислам қауымдастықтары төңірегінде істің шиеленісе түсуіне байланысты өркениеттік сынық Батыс Еуропада барған сайын айқындалып отыр, осыған байланысты көптеген елдерде наразылық шерулер орын алуда, басылымдарда оларға Еуропаның «исламдануына» қарсы наразылық деп баға берілуде.

Мұсылмандар мен қазіргі батысеуропалық мәдени дәстүрлер арасындағы мәдениаралық дағдарыс тереңдей түсуде, оған түрткі болған 2005 жылдың 30 сентябрінде «Юлландс-Постен» атты дат газетінде Мухаммед Пайғамбарды келемеждеп салған он екі суреттердің салынуы, 2015 жылдың 7-ші қаңтар күні Париждегі Charlie Hebdo сатиралық журналының редакциясына қарулы адамдардың шабуылы салдарынан 12 адам қаза табуы. Бүгінде батысеуропалық елдерде мұсылмандық азшылықпен қарым-қатнас мәселесі осы елдердің ішкі саясатының күн тәртібіндегі маңызды бөлігіне айналып отыр. Швейцария, Венгрия, Норвегия елдерінде антииммигранттық лозунгпен шығып жүрген оңшылдар елеулі жетістіктерге жетіп отыр. 2009 жылы ноябрьдің аяғында Швейцарияда минареттерді салу мәселесі бойынша референдум өтті (бұл жерде қазіргі кезде 170 мешіт салынған, бірақ тек 4 қана минареттері бар) дауыс бергендердің 57% елде минареттерді салуға тиым салуды қолдады. Неміс экстремисінің 2009 жылдың июлінде Германияда 32-жастағы жүкті египеттік әйел Марвы Шербиниді өлтіруі Египет пен Германия арасындағы қарым қатнастардың шиеленісуіне алып келді. Египеттік «Аль Ахрам уикли» (№ 972, 19–25.11.09 г.) апталық басылымның мәлімдеуі бойынша, Шербиниді қоғамда қалыптасқан дәстүрлерге қарсы шығып немесе жат бірнәрсе айтқаны немесе істегені үшін емес, оның киіну тәсіліне байланысты өлтірді. Бұл бір ғана мысал емес: осыдан бірнеше ай бұрын Калифорния мешітінің имамы Али Мухаммедтің «мұсылман террорисі» деп аталуынан кейін өз үйінде өртеген. Шамамен осы кезде Лондондағы Ислам орталығындағы Аль-Азхар өкілі Мухаммед Аль Саламони өзінің қызметіне орналасқаннан кейін алты айдан соң соққыға ұшырап, көзінен айрылды.

Мұсылмандарға үрей тудырып отырған мәселе: исламофобия Батыста жаңа, барған сайын қауіпті сипат алуда. 2006 жылдың декабрінде нәсілшілдік пен ксенофобияға мониторинг жүргізетін Венада орналасқан еуропалық орталықтың зерттеулерінде нақтылы «Еуропада исламофобияның кең етек жайғандығы, көптеген мұсылмандардың өздерін түсінбейтінін және де қысым көрсететіндігі» туралы тұжырымға келген. Еуроодақтың барлық 27 елдерінде діни түсініспестіктің орын алғандығына, мұсылмандардың өздеріне қарсы қара күш жұмсалудан, жұмыстағы дискриминациядан жәбір шегетіндігіне ерекше назар аудару қажеттілігі туындап отыр. Батыстағы басылымдар радикалды исламның қауіптілігін шектен тыс көрсетіп, көпшілікті терроризммен қорқытады.

Исламофобияның таралуының шектен тыс шығып бара жатуына байланысты «Эмнести интернейшенл» ұйымы мұсылмандарды құдалау және оларға қарсы бағытталған дискриминацияның күшейуі және де оларға қарсы бағытталған қылмыстардың орын алғандығы туралы ескерту жасады. Осының барлығы мұсылман жастарының радикалды тобының тарапынан белгілі бір іс әрекеттердің орын алуына себепші болып отыр. Осының барлығы да мұсылман диаспорасы мен тұрғылықты халық арасында түсініспеушілікті тудырады. Соңғы уақытқа дейін негізінен Еуропада орын алған исламофобия, енді Америкада да орын алып отыр. Көптеген эксперттердің пікірі бойынша, осындай қалыптасқан жағдайға Еуропа өзі кінәлі. Соңғы жылдары болған терактілер еуропалықтарды қатты ойландырды – оларға қауіп төндірген шетелдіктер емес, Еуропада туған және тәрбиеленген өздерінің отандастары. Аналитиктердің пікірі бойынша, қалыптасқан жағдайға «экстремизмге қолайлы жағдай жасайтын» еуропалық үкімет және исламдық фундаменталистік ұйымдар жауапты. Үкіметтің кінәсі: мұсылмандардың еуропалық қауымдастыққа интеграциялануына жасалған іс шаралары жеткіліксіз және ислам қауымдастығындағы көптеген әділетсіздіктер мен нақтылы мәселелер, мысалы кедейшілік, жұмыссыздық, толыққанды білім алу, жалпы жастар мәселесі сияқты сұрақтар батысеуропалық қауымдастықтың назарынан тыс қалуда. Жоғарыда аталған мәселелерді шешудің бірнеше жолдары бар: исламофобиямен күресу (ең алдымен СМИ арқылы), исламистердің шетелден қаржыландыру көзін айқындау, жоғарғы білікті имамдарды дайындау, мұсылмандарды қоғамдық жұмысқа тарту, исламның зайырлы зиялыларын дайындау және де еуропадағы, жалпы әлемдегі мұсылмандар мәселесі бұрынғыдан да ұшықпай тұрғанда жоғарыда аталған мәселерді шешуді кейінге қалдырмай тез арада шешу мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналуы қажет.

Предлагаю создать такую научно-исследовательскую группу, с привлечением практиков, чтобы данные феномены были поставлены на службу национальным интересам Республики Казахстан.

Спасибо за внимание!

**Нүсіпбаев Е.,**  
Нұр-Мүбәрак Египет ислам  
мәдениеті университетінің  
оқытушысы  
Алматы қ., Қазақстан

### **Дінді ұстануда шектен шығудың себептері мен қатері**

***Аңдатпа:** Бұл мақалада ислам дінін дұрыс ұстануға байланысты мәселелер қарастырылған. Дінге қатысты қоғамдағы бүліктің шығуы себептері және шариғатқа сай шешу жолдары айтылған.*

***Түйін сөздер:** Шектен шығу, хадис, иснад, псевдосәләф, тақуа, мүширік, һижра, шариғат, әулие, хауариж, қадарит, кітап иелері, шиға, ақида, иман.*

Ислам дінін дұрыс ұстану, оны дұрыс түсініп, өз бейнесінде қабылдау қандай қоғам болса да өзекті мәселе. Дінді дұрыс ұстанбаған жағдайда қай жерде болмасын бүлікшіліктің орын алары сөзсіз. Сондықтан ислам мәдениеті мен оның асыл құндылықтарын үйрену, бүгінгі күні кейбір елдерде орын алып жатқан келеңсіздіктер мен лаңкестік әрекеттердің елімізде болдырмаудың бірден-бір жолы.

Тағылымды тарихтан сабақ алу үшін өткенге оралсақ, кешегі исламнан бұрынғы ғасырда да шектен шығушылық орын алғанын көре аламыз. Солардың бірі кітап иелері. Олардың оқиғасынан біз ғибрат алып, одан сақтану үшін Алла құранда былай деді. *(Олар өздерінің дін ғалымдарын және монахтарын Алладан өзге ие (құдай) етіп алды. Әрі Мәриямнің ұлы Мәсихті де...)*[1]. Алланың емес олардың адал дегенін адал деп, харам дегенін харам деді. Онымен ғана шектелмей Мәриямның ұлы Исаны Аллаға теңеп құдай жасап алды. Бұл дін ұстануда шектен шығу болып табылады.

Сол сияқты мұсылмандарда да дінде шектен шығу орын алған. Біз осы оқиғалардан сабақ алып, олардың жүрген жолынан аулақ болуымыз керек. Шектен шығушылық бірден емес, бірте-бірте жүзге асуы мүмкін. Шайтан адамды кейде бірден азғырмайды. Стратегиялық түрде азғыруы мүмкін. Шайтан Нұх пайғамбардың қауымында болған ізгі адамдардың мүсінін жасауды біреудің ойына салады. Өздерінің арасында болған ізгі, тақуа жандарды ұмытпас үшін олардың мүсіндерін жасайды, әуел баста оларға табынуды мақсат етпеген еді. Біраз заман өткенде, кейінгі ұрпақ оларды құдай санап, сенім тұрғысынан

адасып, шектен шығып, олардың мүсініне табынып кетеді. Дін ұстануда шектен шығу да, адасу да осылай байқалмай басталады. Пайғамбарымыздың кезінде дін ұстануда шектен шығушылыққа апаратын амалдар орын ала бастаса, бірден тоқтатып, емдеп отырған. Тіпті ол тек құлшылықта ғана емес, сонымен қатар сенім тұрғысында да болуы мүмкін. Соның бір көрінісі ретінде мына жайттарды мысалға келтірсек болады. Бірде Муъаз رضي الله عنه имамдыққа шығып, намазда ұзақ тұрады. Адамдардың бірі Алла елшісіне صلى الله عليه وسلم шағымданып келеді. Сонда Алла елшісі صلى الله عليه وسلم Муъазға رضي الله عنه: «Сен бүлікшісің бе?» - деп сөгіс беріп, осы сөзді үш мәрте қайталайды [2]. Кейіннен мына сөзді айтады: «Әй адамдар сендердің араларыңда, діннен қашырушылар бар. Егер сендердің бірің намазда имамдыққа шықса, қысқа оқысын. Өйткені адамдардың арасында сырқат, қарт, жас, әлсіз және қажеті бар кісілер бар» [3]. Міне осы сияқты оқиғалар тарих беттерінде көп болған. Әрине бұл оқиғаларға біздер ғибраткөзімен қарауымыз керек. Алла елшісінің صلى الله عليه وسلم кезінде болған тағы бір оқиғаны айта кетсек артық болмас. Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم Мәдина қаласына Һижра жасағанда ансарлармен муһажирлерді бауырластырады. Сол кезде Сәлмән رضي الله عنه мен Әбу Дарданы رضي الله عنه бауырластырған еді. Сәлмән رضي الله عنه Әбу Дарданың رضي الله عنه үйінезиярат етіп келеді. Әбу Дарданың анасының шаршаңқы хәлін көріп не болғанын сұрайды. Сонда анасы: «Сенің бауырың Әбу Дарданың дүниемен еш қатысы жоқ» - дейді. Сәлмән رضي الله عنه келіп тамақ жасап, Әбу Дардаға رضي الله عنه беріп, кел тамақ же - дейді. Ол رضي الله عنه: мен оразамын – дейді. Сәлмән رضي الله عنه: «Сен жемесең мен де жемеймін» – дейді. Әбу Дарда رضي الله عنه тамақ жейді. Түн болғанда Әбу Дарда رضي الله عنه ұйықтамастан намаз оқи бастайды. Сәлмән رضي الله عنه: «Жатып ұйықта» – дейді. Ол رضي الله عنه қайта тұрайын дегенде, тағы да ұйықта дейді. Түннің үшінші бөлігі болғанда, Сәлмән رضي الله عنه Әбу Дардаға енді тұр – дейді. Осылайша екеуі тұрып намаз оқыды. Сәлмән رضي الله عنه: Әбу Дардаға былай деді: «Раббыңның сенде хақысы бар, жаныңның сенде хақысы бар, отбасыңның сенде хақысы бар, әрбір хақысы бардың хақысын бер». Әбу Дарда رضي الله عنه Пайғамбарға صلى الله عليه وسلم келіп болған жайтты айтып берді. Сонда Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم: «Сәлмән шындықты айтты» - деді [4]. Ақпен қараны ажыратып, дұрыспен бұрысты баяндап отырған, ардақты Алла елшісі صلى الله عليه وسلم өмірден озғаннан кейін, оның асыл мұрасы мен міндеті сахабаларға және одан кейінгі осы үмметтің ғұламаларына жүктелді. Пайғамбардың صلى الله عليه وسلم өнегелі тәрбиесін көрген сахабалар да, өз кезеңдерінде міндеттерін атқарды. Сол уақыттарда пайда бола бастаған хауариждер, қадариттер сияқты адасып шектен шыққан топтардың жалғандығын халыққа түсіндіріп, адасушылықтарын баяндап, олармен күресіп бақты. Адамдарды тура жолға бастап, жөн сілтеп отырды.

### **Қазіргі замандағы дін ұстануда шектен шығушылықтың көріністері:**

Шектен шығу дегеніміз – шарифат белгілеп берген нормалардан асып кету. Шарифат заңдылықтарын белшеден басу деген сөз. Осының қыр-сырын баяндап түсіндіру, халықты одан сақтандыру, әр замандағы ғалымдардың міндеті болып саналады.

Ілгері заманнан көрініс тапқан дін ұстанудағы шектен шығушылық бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Қазіргі кездегі жарылыстар, мұсылманды күпірлікке шығарып, мұсылманды дұшпан тұту, өз пікірінің фонаты болу, өзінен басқанікін дұрыс деп санамау, басшыға бағынбау, псевдосәләфтардың қоғамда тарап кетуі, ата-анасын күпірлікке шығару осының барлығы дін ұстануда шектен шығушылықтың көріністері. Осындай қателіктерге жауап беруде білім иелерінің орны ерекше. Еліміздегі діни олқылықтарды түзетуге қабілетті мамандарды дайындайтын бірден - бір оқу орны «Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің рөлі өте зор екенін ескере кеткен жөн.

### **Дін ұстануда шектен шығушылықтың түрлері:**

**Сенім тұрғысында шектен шығу.**

**1- Құлшылықта шектен шығу.**

**Бірінші:** Сенім тұрғысында шектен шығушылыққа келер болсақ, біздің қоғам одан аман қалмаған. Ізгі адамдардың қабірін аралау, олардан тілеу, әруаққа табыну, шипа сұрау, тіпті халық арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сияқты сөздер кеңінен тарап, ұзақ уақыт бойы санаға еніп, халық сеніміне сіңіп кеткен. Кейбірлер бұны ата-баба дәстүрі десе, енді бірі халық нақылы деп біледі. Әулие ағаш деп оған шүберек байлау, әулие ата деп оның қабіріне барып жалбарыну, пірге қол тапсыру, мұсылман бауырын күпірлікке шығару, оны кәпірден бетер жеккөру де біздің қоғамда белең алуда. Өзінің айналасынан басқа мұсылмандарды жамандау, ұнаған ғалымын пайғамбардан артық дәріптеу осының барлығы сенімде бір шектен шығушылықтың бар екенін білдіретін айғақтар. Егер осы қарқынмен жүре беретін болса, сенімі селкілдек мұсылмандардың саны арта түспек. Ал, әрбір адам қоғамды құрайды. Осындай олқылықтарды дер кезінде қолға алу, түзету бүгінгі күннің талабы.

Әбу Уакид Әл-Ләйси мына бір оқиғаны жеткізеді: «Біз Алла елшісімен ﷺ бірге Меккеден Хунәйнға шыққан едік. Үлкен лотос ағашының қасынан өтіп бара жатқанда, әй, Алланың пайғамбары! Мына ағашты бізгекәпірлердікі сияқты қылыш байлайтын ағаш етіп берші- дедік. Кәпірлер лотос ағашына қылыштарына байлап, жан-жағына отырып табынатын. Ол ағашты «зәтуәнуат» деп атайтын. Алла елшісі ﷺ былай деді: «Жаным қолыңда болғанмен ант етемін, сендер Мұсаның қауымы айтқандай айтып тұрсыңдар, олар былай деген: «Ей, Мұса! Мыналардың құдайлары сияқты, бізге де бір құдай жасап бер», - деді. Мұса: «Расында сендер надан ел екенсіңдер»- деді [5]. Сендер бұрынғылардың жолымен жүрмекшісіңдер» - деді [6]. Алла елшісі ﷺ осындай соңы шектен шығып адасушылыққа апаратын іс әрекеттерді алдын алып, бірден тоқтатып отырған. Осы сияқты іс әрекеттер қоғамның қаншалықты адасып, шектен шығатындығын білдіреді.

**Екінші:** Құлшылық жасауда шектен шығу, адам өз шамасынан тыс амалдарды істеу. Аллаға жақындау немесе көп сауапқа қол жеткізу мақсатында, шарият белгілеген шектен тыс құлшылықты жасауы. Негізінен Алла адам баласына қауһары жетпейтін істі жүктемеді. Алла адам баласына жеңілдікті ғана қалайды. Алла құранда былай деген: «...Алла сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық қаламайды...» [7]. Енді бір аятта былай делінген: «...Әрі Ол сендерге дінде ешбір қиындық жасамады...» [8]. Осы аяттың тәпсірінде Ибн Кәсир былай деген: «Сендерге қолдарыңнан келмейтін нәрсені міндеттеген жоқ. Әрі қиын болғанда жеңілдетуге кеңшілік берді. Намазды шамасына қарай, отырып, жамбастап оқу сияқты» [9]. Сонымен құлшылықта шектен шығу дегеніміз – пайғамбар алып келген нәрседен артық амал жасау. Құлшылықта шектен шығушылыққа, асыра сілтеушілікке ұмтылғандар пайғамбарымыздың кезінде де болған. Анастан ﷺ келген риуаятта былай делінген. Үш адам пайғамбарымыздың ﷺ үйіне келіп, ол кісінің құлшылықтары жайында сұрастырады. Соңында біз қайда, пайғамбар қайда? тіпті біз ол кісімен құлшылығымызды салыстыруға да тұрмайды екенбіз, ол кісінің бұрынғы және кейінгі күнәләрі кешірілсе де, осыншама құлшылық жасайды дейді. Барлығы мынандай шешімге келеді: Біріншісі: «Мен түнде ұйықтамастан намаз оқимын» - деді. Екіншісі: «Мен өмір бойы ораза тұтамын» – деді. Үшіншісі: «Мен үйленбеймін» – деді. Пайғамбар ﷺ үйге келген кезде, олардың не айтқандарын білді. Сөйтіп оларға ақиқатты түсіндіріп, былай деді: «Ал мен болсам, сендердің араларыңдағы Алладан қорқатындарың әрі араларыңдағы тақуарақ адаммын. Бірақ мен намаз оқимын, ұйықтаймын. Ораза тұтамын, аузымды ашамын әрі әйелдерге үйленемін. Кім менің сүннетімнен бас тартса, ол менен емес» - деді [10]. Алла елшісінің ﷺ бұл өнегелі өсиетінен түсінетініміз құлшылық деп өзін қатты қинамау, әрі кемістік қылмау, яғни орташа болу. Егер осы Алла елшісі ﷺ көрсеткен жолмен жүрмесе, адам шектен шығып адасады, немесе дінін кеміс ұстанып адасады. Құлшылықта шектен шығу мен сенім тұрғысынан шектен шығуды салыстырып қарағанда, сенім тұрғысынан шектен шығу аса

қауіпті. Сол себептен де тарихтағы хауариж, қадариттер сияқты адасқан топтар пайда болған. Олардың адасуларының себептерін қарасақ сенімнен басталған.

### **Шектен шығудың себептері:**

#### **1- Діни сауатсыздық.**

Жоғарыда шектен шығудың көріністерін айтып өттік. Егер әрбір көрініске талдау жасап зерделейтін болсақ, оның себебін көреміз. Шектен шығудың себептерін бір мақалада тізіп, жазып шығу мүмкін емес. Сондықтан кейбіріне ғана тоқталамыз. Сол себептердің бірі діни сауатсыздық. Діни сауатсыздық болған жерде, ақиқатқа қатысы жоқ істер пайда бола бастайды. Мұсылман бола тұра, өз дінінен дұрыс хабары болмаса, білімі болмаса кім көрінгеннің сөзіне еріп, ақиқаттан алыстап кетері сөзсіз. Алла құранда тек біліммен сөйлеуді бұйырып, шектен шығып кетуден ескертеді. *(Әй, Кітап (Инжіл) берілгендер! Діндеріңде шектен шықпаңдар және Алла туралы ақиқаттан басқаны айтпаңдар...)*[11]. Бұл аятта Алла шектен шығу мен білімсіз сөз сөйлеуді қатар айтып, одан тыйған. Ал білімсіз сөз сөйлеу шектен шығудың себептерінің бірі. Құран мұсылманның иман келтірген кітабы, сондықтан бұл кітапта айтылған аяттар кімге қаратып айтылғанына қарамастан, оған ой жүгіртіп сабақ алуы тиіс. Әр нәрсені өзінің маманынан сұрап, үйрену керек. Кейбір өзін ғалымсымақ қылып көрсететіндерден сабақ алып, уағыз тындап жүргендер бар. Сол себептен топқа бөлініп ыдырап мұсылмандардың ауызбіршілігі болмауда.

#### **2- Топтарға бөліну.**

Тарихта Алла елшісінің ﷺ сүннетіне қарайтын болсақ, бір қоғам бір дене сияқты болу үшін, мұсылмандардың арасын жарастырып, бауырластырды. Соның негізінде іргесі берік қоғамға айналып, алға жылжыды. Сол пайғамбардың артынан ерген бүгінгі мұсылман қауым, топ-топқа бөлініп, қырық пышақ болуда. Кешегі пайғамбардың өнегелі тәрбиесін көрген сахабалар, ойлары бір-біріне қанша қарсы болса да, бір-бірін еш жеккөрмеген. Керісінше бір-бірінен үлгі алып, дінге қызмет етулерін тоқтатпады. Дініміздің дамуына кедергі болып тұрған топқа бөлінушілік. Бұл тек дініміздің дамуы емес елдігіміздің де іргесін шайқайтын үлкен қатер. Алла құранда былай деген: *(Оған бойсұнған күйде қайтып, тақуалық етіңдер және намазды толық орындаңдар және Аллаға серік қосушылардан болмаңдар, сондай діндерін жікке бөлшектеп және топтарға бөлініп, әрбір топ өздеріңдегіге мәз болып жүргендердің қатарынан болмаңдар)*[12]. Аллаға бойсұнған күйде қайту - ықыласты түрде құлшылық ету. Бұйырғанын орындау, осы аяттағы бұйрық, Оған иман келтіргеннен кейін серік қоспау, топқа бөлінбеу. Яғни бір тудың астында болу. Ал, жік-жік болып топқа бөліну, мүшріктерге тән амал. Егер мұсылмандар топтарға бөлініп, әркім Алланың емес, өздерінің қалауымен жүретін болса, мүшріктер сияқты болғаны. Өздеріндегіге мәз болу яғни өзінде бар дәлелге деген сүйіспеншілігі артып кетіп, Аллаға деген сүйіспеншілік артта қалып қою. Өзінің көсеміне деген махаббаты пайғамбарға деген махаббаттан артып кетіп, ол адамды көп дәріптеу. Осылайша әрбір топ исламды өз қалауларымен жүргізіп, ойына келгенін істегісі келеді. Абдулла Амр ибн Әл-Астан رضي الله عنه жеткен хадисте Алла елшісі ﷺ былай деген: *«Сендердің еш бірің иман келтірген болмайды, қашан қалауы менің алып келгеніме ермейінше»*[13]. Демек, адамның қалауы ешқашан шариғаттың өлшемі бола алмайды. Өйткені адамның жақсы көрген нәрсесі, Аллаға ұнамсыз болуы мүмкін. Сондықтан өзін иман келтірдім деп есептеген адам, өзінің қалауымен емес, шариғаттың қалауымен жүруі тиіс. Ал шариғаттың қалауы Алланың және елшісінің ﷺ бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан тыйылу. Олай болса, Алла жоғарыдағы аятта топқа бөлініп, әркім өз қалауымен жүруден тыйды.

Дін істеріндегі осындай олқылықтардың орнын толтырып, кем-кетіктерді бүгін түзетіп, қатердің алдын орап үлгермесек, ертең мүлде кеш болады. Шектен шығу әрі қарай жалғасып кете беретін болса, бүкіл бір қоғам адасып кетуі ықтимал. Өйткені шиғалардың шығуы да сондай істерден басталған еді. Енді жетіліп келе жатқан өскелең ұрпақты дұрыс тәрбиелеу маңызды шаруа. Дінде болсын, отбасында болсын дұрыс тәрбие көрмеген

жастарымыз қызбалыққа салынып, артық кетуде. Сондықтан діни сауатсыздықты жоятын ислам тәлімдерін дұрыс насихаттау, ертенді күттірмейтін үлкен іс.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Құран кәрім, Әт-Тәубә сүресі, 31-аят.
2. Бұхари жеткізді (175).
3. Имам Ән-Нәуәуи, Риядуәс-солихин, бәбуәл-ғадаб. Сахих хадис.
4. Бұхари жеткізді.
5. Құран кәрім, Әл-Аъраф сүресі, 137-аят.
6. Имам Ахмад жеткізді (21390).
7. Құран кәрім, Әл-Бақара сүресі, 185-аят.
8. Құран кәрім, Әл-Хаж сүресі, 78-аят.
9. Тәфсиру Ибн Кәсир (10-том, 99-бет).
10. Бұхари (4776).
11. Құран кәрім, Ән-Ниса сүресі, 171-аят.
12. Құран кәрім, Әр-Рум сүресі, 31-32-аяттар.
13. Китәбуәл-хужжа, Иснадысахих.

**Рысбекова Ш.С.**

д.филос.н. КазНУ им. аль-Фараби  
г. Алматы, Казахстан

### Ханафизм в современном Казахстане

Характеризуя процессы современности, связанные с исламом в Казахстане, нередко употребляют термин «исламское возрождение». Это кажется больше стереотип традиционных установок, так как в реальности речь идет попросту о достаточно новых феноменах и процессах в контексте отправления своих функций исламской общиной. И из-за современных факторов эволюции религии справедливо утверждение об очередном этапе исламизации в Казахстане. Примечательно, что сильнее всего данный процесс определяет себя в сфере ислама официального, расширения догматики исламской, практики культовой. Но едва ли возможно не заметить и того фактора, что в Казахстане из-за народных традиций, менталитета национального и, возможно, специфической политической атмосферы появилась необычная модель ислама.

Специфической особенностью ислама у казахов справедливо считать высокую терпимость, благодаря которой в нем есть элементы народных традиций бытовавших среди казахов и их предков долгие века. Предосудительного в форме казахстанского ислама ничего нет, кроме того –

данная модель часто эволюционирует, видоизменяется и развивается под влиянием кроме общественных, еще и политических факторов, определенного политического режима, который есть в той или другой стране. Также это привносит в практику ислама определенную специфику, придумываются даже некие ритуалы. Акценты определенные делаются в плане идеологических установок, в исламе имеются отдельные приоритеты. Это один из секретов удивительной универсальности ислама – возможность адаптироваться к той или иной этнической, политической среде. И в такой специфичности кроется причина, почему ислам теперь так быстро и широко распространяется во всем мире. В нынешних условиях любое религиозное мироощущение в практике становится более совершенным и современным по форме, а так же отвечающим требованиям данной эпохи.

В современной республике ощутим рост интереса широких слоев населения к духовности, и разумеется к религиозному компоненту жизнедеятельности. С 2011 года имеет силу Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», в котором впервые получила признание историческая роль крупнейших религиозных конфессий Казахстана – ислама ханафитского мазхаба и православного христианства в эволюции духовной жизни и культуры казахстанского народа. [1]

Традиционно религия воспринималась казахами не только как набор формальных правил и обрядов, внешней атрибутики, а скорее как универсальное духовное знание, органически связанное с этнической культурой и народными традициями. Это все приобреталось благодаря функционированию ханафитского мазхаба ислама, которого придерживались предки казахов и теперь официально представляет в общественной сфере ДУМК.

Президент РК Н.А.Назарбаев как видно из его Послания «Стратегия «Казахстан – 2050» заметил, что «...в вопросах религии необходимы вдумчивый подход и крайняя осторожность. Мы должны свято придерживаться принципа свободы совести, традиций толерантности и веротерпимости». Помимо прочего, Лидер нации в его Послании подчеркнул особо, что «...светский характер нашего государства – это важное условие успешного развития Казахстана. Это должны четко понимать нынешние и будущие казахстанские политики, все казахстанцы». [2]

Методологический глубокий хадисов анализ, произведенный учеными ханафитского мазхаба, делает возможным показать сущность ислама. В ханафитском мазхабе есть явная тенденция к наиболее вероятному облегчению наказаний, специфическое скрупулезное отношение к смертному приговору, его целенаправленного уменьшения показывает за ханафитским мазхабом присутствие в мышлении особого стиля – критичного и свободного, что и дало возможность ханафитскому мазхабу быть такой основой, на которой взошли ростки модернизма, джадидизма и реформаторства. Весь комплекс данных явлений типологически эндогенен непосредственно в ханафитском мазхабе. Это именно одна из вех его развития, эволюционная форма, т.к. ханафитский мазхаб, имея свой стиль мышления, в следовании собственным плюралистичным принципам крайне устойчив. В данной связи неясна агрессивность неприятия лжеджадидами собственного базового мазхаба.

Необходимо регулярно задавать вопрос, в связи, с чем большинство мусульман мира являются сторонники ханафитского мазхаба? Естественно, что это осознанный интеллектуальный выбор мусульман мыслящих, так как планомерно к истине ханафитского мазхаба большинство и пришло. То было интеллектуальное завоевание, а не насильственное насаждение.

Культивируемое ханафитским мазхабом свободомыслие, имело последствием, что именно на его фундаменте возникли такие корифеи мировой мысли, как Ибн Сина и аль Фараби. Вклад этих людей в мировую цивилизацию, конечно же, носит не только локально-исламский характер.

В исламе ханафитский мазхаб представляет, из себя, совокупность тех или иных познавательных способов и процедур оформления имеющихся выводов, которые, конечно, имеют характер интегрирующий, т.е., владея выверенным комплексом интерпретаций сакральных текстов, мазхаб носит цельный характер с помощью собственной адекватной научной методологии. Это делает возможным колоссальное разнообразие хадисов противоречащих друг другу и суждений сахабов, в основе своей крайне разных и индивидуальных, достаточно успешно классифицировать и описывать в конкретные решения правового регулирования и практического поведения очень жестким образом. Это и является доказательством у ханафитского мазхаба научности в противовес путанице «новых» комментариев, сакральных текстов, сводящихся только к выпячиванию произвольно подобранных фрагментов из Священного Предания и Священного Писания.



Очевидно, что трактовка данных отрывков вне априорного единства нарратива божественного, без системной методологии ведет к крайне спорадическим результатам, находящимся вне области теологической научной деятельности, а имеющим отношение больше к литературному творчеству.

Основанный на сакральных текстах мазхаб, в себе соединяет практическое значение противоречивых между собой, к примеру, хадисов, т.е. это сумма деривативной методологии и закономерностей, на основе текстового материала. Есть ли потенциальная возможность воспроизвести анализ хадисов для разработки новых конкурируемых мазхабов с традиционными? Разумеется, нет, так как имеющиеся сейчас гордецы в отличие от имама Абу Ханифы не имеют возможности узнать от сахабов про аутентичность хадисов и не имеют потенциала к адекватной интеграции и аналитике друг друга исключаящих хадисов.

Данный мазхаб является и считается в кругах специалистов самым толерантным и умеренным в исламе. Тем не менее, на данный момент книжные полки в наших странах заполнены литературой, пропагандирующей иные ценности, которые подталкивают к насильственным актам против неверных и агрессии. Из этого появляется недопонимание религии ислам, отождествляемой с эксклюзивизмом и агрессивным экстремистским настроем, одновременно с тем, что значительная часть этих настроев в действительности снимается при богословски грамотном подходе, дающем объяснение конкретным ситуациям в позитивном смысле по шариату.

Для защиты ислама мазхабного базисом является элементарный вопрос о целях изучения комплекса теологии ислама. В восприятии верующих этот вопрос праздным не является поиском одной из истин «научных», это вопрос спасения личного в жизни будущей, ставки здесь велики весьма. В данной связи интерпретирование имамом Абу Ханифой хадисов – сахабов учеником - самый достоверный метод в получении смыслов, Пророком детерминированных. Оправдано ли наивно иметь надежду, что люди, из поколения многие века после имама Абу Ханифы, дать могут нечто ценное в понимании исламских основ. Ответы их быть могут более радикальными, более жесткими, полемичными, но будут ли они к истине ближе. Разумеется, нет. Вот из-за чего, несмотря на прошедшие века ханафитский мазхаб не утратил актуальности, так как данный мазхаб наиболее верный путь для мусульман в их спасении.

Почетный муфтий Казахстана шейх Абсаттар хаджи Дербисали в книге своей утверждает следующее, «Среди четырех мазхабов самым добрым и близким природе, традициям и обычаям нашего народа является издревле выбранный нашими предками мазхаб Абу Ханифы – Имама А'зама. Преимущество приверженности к одному из мазхабов в Исламе в том, что в народе сохраняются единство, согласие, организованность. Доказательством служит тот факт, что в Центральной Азии и Казахстане на протяжении нескольких веков не происходило конфликтов, раздоров и вражды на религиозной почве. Единство в вероисповедании не допускает появления злых намерений» [3, с. 15-16].

Ханафитский мазхаб в сравнении с прочими религиозно-правовыми мазхабами выделяется демократичностью и предоставлением своим последователям определенных свобод. Кроме того, причиной принятия нашими предками данного мазхаба является его адаптированность к их мировоззрению, менталитету и сущности. А иные течения и мазхабы делят своих последователей по богослужебным способам на различные степени и уровни, порой доходя до мер строгого наказания.

Мазхаб имама Ахмада ибн Ханбала среди них более всего от приверженцев своих требует тщательного исполнения изначальных требований и порядков Ислама, а именно предписывает верующим блюсти изначальные догмы в виде неизменном.

Духовное управление мусульман Казахстана и комплекс подотчетных ему мечетей держатся в шариате мазхаба имама Абу Ханифы, что благоприятствует дальнейшему развитию и сохранению в государстве согласия и единства, благополучия и мира.

И после Шейх хаджи Абсаттар Дербисали внимание читателей акцентирует на том, что кредо наше: одна религия и мазхаб, национальное единство, языковая общность и солидарность присутствующих в республике народов. Сплотить и организовать нацию способно только единство религии, национального самосознания и языка. Уничтожение или ослабление из этих опор данного триединства приведет к деградации национальной сплоченности. Между этими тремя компонентами религию он выделяет особенно. Когда религия утратит единство, то две остальные национальные опоры деградируют и могут исчезнуть. У народа национальное самосознание отделить от его религии нельзя. Она – сущность его, внутренний его мир – нации душа, и она связана неразрывно с религией ислам, которую когда то наши предки приняли. Два этих понятия воедино слились многие века назад, и нельзя их отсоединить одно от другого. Когда в одной нации имеются люди, исповедующие разные религии, религиозные течения, пребывают в различных сектах, то угрозу нации представляет опасность, которую тяжело описать словами. Страшный тому пример Ливан демонстрирует. [3,с.480]

Таким образом, ханафитский мазхаб политически и главное исторически характеризуется либеральностью и гибкостью в вопросах обрядовой практики и догматики, так как признает в адате некоторые нормы, не входящие в противоречие с шариатом. Этому мазхабу свойственно лояльное отношение к светским властям и невмешательство в процессы политической жизни. В мазхабной деятельности приоритет отдается сугубо религиозным вопросам, а не политическим вопросам. Имеет большое значение, обозначенное четко практически в Ханафитском мазхабе стремление к знанию, просвещению открытости, межкультурному и межконфессиональному диалогу, отношениям с представителями других конфессий на основе толерантности, к демократическим принципам и инокультурным ценностям.

На данном этапе, вопреки имеющимся в направлениях ислама идейным отличиям характера теологического, а также комплекс факторов негативных, относящихся к проявлениями экстремизма, в Казахстане оформилось достаточно целостное сообщество мусульман, которое представлено конформистскими направлениями. [4] Вместе с тем целостность зиждется на основных для таких течений характеристиках, как лояльность в политике к режиму действующего правления и потенциальное их единение на основе ханафитского мазхаба.

Исламская религия в Казахстане не стала определяющим фактором, что несет в себе позитивное значение для сохранения стабильности. Параллельно нельзя не брать в расчет тот факт, что Казахстан есть часть мусульманского мира, где увеличиваются радикалистские тенденции и где ислам заметно более концептуально политизируют. Кроме того известно, что в странах, где нет в наличии светской оппозиции, протест и недовольство населения как правило выражаются в исламистской форме. У ислама испокон веков был высок политический потенциал, и данное обстоятельство нельзя ни в коем случае игнорировать.

Таким образом, ислам не внедрился в политическую структуру, не существует какого либо политического движения или политической партии, имеющей исламские религиозно-политические лозунги, не существует кого-либо общественного движения обращающегося в его программных документах к исламу. И, все - таки, вопреки своей ограниченности, исламский фактор в нашем государстве это общественная и политическая данность, игнорировать которую сегодня нереально. Ислам производит регулярно воздействие на протекающие социально-политические процессы. Ислам определяет ценностные ориентации людей, регулирует между ними отношения.

Вышеперечисленное дает основание сделать два основных вывода:

1. Исторический анализ распространения ханафитского мазхаба на территории Казахстана показал его этнокультурную и историческую идентификацию как традиционалистского ислама.

2. Религиоведческий анализ богословско-правовых основ ханафитского мазхаба показал, что он обладает исторически сложившимися традициями негативного отношения к радикальным исламистским воззрениям. Данный опыт можно с успехом использовать в противодействии современному религиозному экстремизму и терроризму.

### Список использованной литературы

1. Султангалиева А.К. Эволюция ислама в Казахстане//<http://www.ca-c.org/journal/cac-05-1999/st06sultangal.shtml> и др.
2. Назарбаев Н.А. «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 14.12.2012
3. Шейх Абсаттар хаджи Дербисали. Ислам – религия мира и созидания. Теологическо-религиоведческие, историко-филологические исследования, статьи и размышления, доклады и интервью – Алматы 2010 “Дайк-Пресс”- 516 с.
4. Акимбеков С. Ханафитский мазхаб и современный Казахстан//<http://www.abai.kz/content/sultan-akimbekov-khanafitskii-mazkhab-i-sovremennyi-kazakhstan>

**Әбсаттар Дербісәлі,**  
Р.Б.Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының  
директоры  
Алматы қ., Қазақстан

### Марокко мен Испаниядағы жәдігерліктеріміз

2013 жылдың жазында Астанада Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи-мәдени дамуын тиянақты зерделеу, тамыры мыңдаған жылдарға кеткен тарихи мұраларымызды түйсіну, ХХІ ғасыр талаптары жағдайындағы тарих ғылымы мен білімін реформалау жолдарын айқындау мақсатында ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі Жалпыұлттық кеңес өтті. Одан соң Мемлекет тарихы институтында Жалпыұлттық кеңесі аясында «Қазақстанның тарих ғылымы мен білімін реформалау: жолдары, мәселелері, даму бағыттары» атты ашық сұхбат алаңы ұйымдастырылды. Аталған шараға мемлекеттік билік өкілдері: ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР БҒМ, ҚР МАМ, қоғамдық институттардан: Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық қорлар мен ұйым өкілдері, Республиканың жетекші тарихшы-ғалымдары, ғылыми-педагогикалық сала мамандары қатысты.

Онда еліміздің толымды да шынайы тарихын жазу мәселесі көтеріліп, осы сала мамандарына нақты тапсырмалар берілді. Осы алқалы жиында біз де өз ойларымызбен бөлістік. Соңыра бір топ ғалымдарымызды қажетті материалдар жинау үшін Үндістан, Моңғолия, Қытай, Иран, Араб елдеріне жібердік. Мен өзім сол жылы Түркияда болып отыз мың беттен астам қолжазбалар алып қайттым. Ал 2014 жылы сапарым енді Марокко мен Испанияға жоспарланды.

Сонымен 2014 жылдың 1-11 қыркүйегі аралығында Солтүстік Африканың Марокко Корольдігіндегі әл-Қарауин университеті мен ел астанасы Рабат және Касабланка қалаларының қолжазба қорлары мен кітапханаларында жұмыс істедім. Әуелі Рабаттағы Мәдениет министрлігінде, оның бас хатшысы Лүтфи әл-Марини мырзаның қабылдауында болып, іссапардың мақсаты жайын баяндадым. Ол жылы қарсы алып, көлік бөліп, жолбашылыққа осы саланың бір маманын қосып берді.

Рабаттағы Ұлттық кітапханада Орта Азия мен Қазақстанның тарихы мен руханияты, мәдениетіне қатысты қолжазбалар және өзге де еңбектермен таныстым. Олардан керекті мәліметтерді жазып алған соң, кітап болып басылғандарын іздеп, табылғандарын мүмкіндігінше сатып алуға да тырыстым.

Сонан соң ежелгі Фес қаласына зиярат еттім. Оның іргетасын ертеректе Марокко сұлтандарының бірі Маулай Идрис (ІХғ.) қалаған. Ол қазір Африкадағы көрнекті тарихи, мәдени, ғылыми шаһарлардың бірі. Онда бір миллионнан астам халық тұрады. 800-ден астам мешіттері, сондай-ақ ІХ ғасырда ашылған университет бар. Ал бас мешіті әл-Қарауинде бір мезгілде 20 мыңнан астам ғибадат жасай алады. Сөйтіп ол ұзақ ғасырлардан бері мешіт қана емес, университет және үлкен кітапхана да қызметін атқарумен келеді.

Иә, Фес Солтүстік Африканың батысындағы ислам мәдениеті мен ғылым, білімінің ірі орталығы. Қала араб дүниесіндегі ежелгі тарихи, мәдени шаһар болғандықтан ЮНЕСКО-ның тізіміне кіргізілген.

Әл-Қарауин 859 жылы Тунистен Мароккоға қоныс аударған ауқатты әулеттің қаражатына салынған. Уақыт өте ол Батыс Африкадағы рухани орталықтардың біріне айналды. Марокко сұлтандарының қамқорлығының арқасында ол бірте-бірте кеңейе берді. Мұнда діни дәрістерден басқа грамматика, логика, медицина, математика, астрономия, химия, тарих, география мен медицина бойынша да пәндер оқытылатын.

Орта ғасырларда әл-Қарауин христиандық Еуропа мен мұсылман шығысы арасындағы мәдени байланыстың дамуында үлкен рөл атқарды.

Оның қабырғасынан мұсылман және әлем мәдениетіне ықпал еткен бірқатар аса көрнекті философтар мен дінтанушы ғалымдар шыққан.

Әл-Қарауин мен барған күннің ертеңіне реставрацияға жабылып жатыр екен. Дей тұрғанмен Мәдениет министрлігінің нұсқауымен демалысқа кеткен қолжазба қорының меңгерушісі (Абд әл-Фаттах Букшүф) қызметіне оралып, қолжазбалармен таныстырды.

Әл-Қарауин кітапханасынан орта ғасырлық атақты тарихшы Әбу Зайд Абд ар-Рахман ибн Мұхаммед ибн Халдунның (1332-1406) әлемге әйгілі “Мұқаддима” атты еңбегінің қолжазбасын кездестірдім. Өзімде оның араб тіліндегі нұсқасы болғандықтан, француз тіліндегі аудармасын алдым. Ибн Халдун Ақсақ Темірдің (1336-1405) тұстасы, онымен Дамаскіде кездескен, Орта Азия тарихына еңбек арнаған ғұлама. Сондай-ақ сол жерден Марокконың ортағасырлық саяхатшысы Ибн Баттутаның “Рихла Ибн Баттута” (“Тухфат ан-нуззар фи гарайб әл-амсар уа аджаиб әл-асфар”) атты еңбегін де көрдім. Оның араб тіліндегі нұсқасын алдым.

Ибн Баттута [Әбу Абдалла Мұхаммед ибн Абдаллах әл-Лауати ат-Танджи) – 1304-1377] қазіргі қазақ жерінің Атырау облысындағы Сарайшық қаласында болып, ол жайлы мағлұмат қалдырған. Кейінірек Хорезмге де барған. Онан соң Насаф шаһарында (қазіргі Өзбекстандағы Қаршы қаласы) Отырарлық Хұсам ад-дин Отырари атты ғалыммен танысып, ол жайлы дерек қалдырған.

Әл-Қарауин қолжазба қорынан сондай-ақ философтар Ибн Туфайл, (?-1185), Ибн Рушд (1126-1198), ақын Ибн Зайдун (1003-1071) және т.б. еңбектерін және қазақ елінің ғалым перзенттері жайлы жазған Ибн Әби Йағлудың “Тарих Әби Йағлу” атты еңбегін ұшыраттым. Абд әл-Фаттах мырза оның бір нұсқасын жіберуге уәде етті.

Рабатқа оралған соң ондағы “Әл-Алфия” және “Әл-Аман” атты үлкен кітапханалар қорымен танысып, бірқатар кітаптарға қолым жетті.

Касабланка қаласында да бірнеше кітап қорларында болып, бірқатар жазба дүниелерді алдым. Нәтижеде Марокодан Қазақстанның тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты мағлұматтар бар (Әмір Катиб бин Әмір Умар Әмір Ғазы әл-Фараби әл-Итқани (Иқани) әл-Әмид, Қауам ад-дин, Әбу Ханифа (1286-1357), һибатулла ат-Тарази (1272-1333) және т.б. жайлы айтылатын) төмендегідей дүниелерді алып қайттым:

1. Тақи ад-дин бин Абд эл-Қадир ат-Тамими ад-дари эл-Ғаззи эл-Мисри эл-Ханафи. Ат-Табақат ас-санийа фи тараджим эл-ханафийа. ар-Рияд 1983, 4 том
2. Ибн Баттута. (Рихла ибн Баттута). Тухфат ан-наззар фи ғараиб эл-асар уа ғаджайб эл-асфар. Бейрут 2003
3. Аш-Шейх эл-имам Әби-л Уалид Ибраһим эл-Мағруф ибн Шихна. Муғину хуккам. Бейрут [жылы көрсетілмеген].
4. Абд ар-Рахман Хусейн эл-Азауи. Ат-Табари. Ас-Сира уа-т тарих. Бағдад 1989
5. Наджм ад-дин Умар ан-Насафи. Әл-Қанд фи зикри улама Самарқанд, Теһран 1999
6. Әл-Бируни. Әл-Джамаһир фи мағрифат эл-джауаһир. Бейрут 1960
7. Әбу-л Қасым Убайдалла Хордазбеһ. Әл-Масалик уа-л мамалик, Брил 1889

Сонан соң (12-21 қыркүйекте) Испания Корольдігінде болдым. Осы елдегі атакты Эскуриал қаласына зиярат еттім. Ол Мадридтің батыс жағында 60 шақырым жердегі Сьерра де Гвадаррама тауының етегінде. Шаһардың негізі 1557 жылы қаланған деседі. Ондағы XVI ғасырдан бері дін және білім ордасы һәм кітапхана да қызметін атқарып келе жатқан даңқты кітапхананың бай қорымен таныстым. Ол Ватикан кітапханасынан кейінгі екінші орында екен. Мұнда әлемдегі ең көп араб қолжазбалары сақтаулы. Папа Григорий XIII Эскуриал кітапханасынан кітап ұрлаған жан діннен шығады деген. Сол себепті ондағы дүниелер жақсы сақталумен келеді.

Директоры “Қазақстан елшілігінің хатын алғанбыз. Көмектесеміз. Бізде ескі қолжазбалар өте көп. Бірақ Орта Азияға байланыстылары аздау-ау деймін. Испанияның Андалусия өлкесін 711 жылдан бастап 1492 жылға дейін арабтар биледі. Олар ғылым мен мәдениет бойынша үлкен із қалдырды. Испан елінде Кордова халифаты болған. Кордовада 830 жылдары салынған зәулім мешіт қазір де тұр. Севильядан да қамал, мешіт пен олардың биік мұнараларын көресіз. Гренада ше? Ол туралы ұзақ әңгімелеу керек. Осындай қалалардан көптеген Гарнати-Гранадалық, Ишбили-Севилиялық, Куртуби-Кордовалық, Тулайтили-Толедолық секілді т.б. ғалымдар шыққан. Олар қалдырған сандаған жазба мұраларды әлем ғалымдары әлі зерттеуде. Біздің қолжазба қорында Орта Азиялық ғұламалардан гөрі Мағрибтық (Тунис, Алжир, Марокко) және Андалусиялық ғалымдардың дүниелері көп. Мен араб тілі мен әдебиеті және исламтанудың маманы емеспін. Ол жайлы Қазақстандық қонақ менен жақсы білетін болар. Иске сәт. Бізден еш кедергі болмайды” деді.



### Эскуриал кітапханасы

Кітапхана күніге таңертеңгі сағат 10-нан 14-ке дейін, яғни күніне, тек 4-ақ сағат жұмыс істейді екен. Мен Эскуриалда болған кез Испанияның мереке күндеріне түс келіп, бірнеше күн кітапхана жабық болды.

Эскуриалдан әуелі ислам мәдениеті мен біліміне қатысты қолжазбалар каталогын парақтап шықтым. Нәтижесінде ортағасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның кемеңгерлері: Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Әбу Йакуб Сирадж ад-дин Йусуф бин Әбу Бакр бин Мұхаммед бин Әли әл-Хорезми ас-Саккаки (1160-1299), Сағад ад-дин Масуд бин Умар ат-Тафтазани (1322-1390), Әбу-л Қасым Махмуд бин Умар бин Ахмед аз-Замахшари әл-Хорезми (1075-1144) секілді т.б. ойшылдардың еңбектерін көрдім. Мені қуантқан Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бабамыздың теріге жазылған 10 трактатының табылуы еді.

Әбу Насырдың жинағы 612 санмен беріліпті. Қолжазбаның бастапқы беттері ескіріп сарғайған. Жыртылған тұстары да бар. Санмен басталған беттегі шығарма атауынан кейін 16 жол тіпті көрінбеуге айналыпты. Оқылуы қиын болды. Одан кейінгі беттердегі жазуларды айқынырақ деуге болады. 5-беттен әрі қарай көптеген сөздердің асты қызыл-қоңыр сиямен сызылып отырған. Оны трактаттарды көшірген хаттат сызды ма, жоқ па білмедім.

5-бет басмаламен басталған. Одан соң пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтылған. Одан кейін “Тағлиқ ли-Әби Бакр Мұхаммед бин Йахия бин ас-Саиғ рахимаһу Алла ала китабиһи Әби Наср бин Мұхаммед әл-Фараби радиа Аллаһу анһу фи Исағуджи” деген жолдарды оқыдым. Қолжазба 126 бет.

Сондай-ақ Эскуриал кітапханасынан Шымкент қаласының шығысындағы 12 шақырым жердегі ежелгі Исфиджаб – әл-Байда-Сайрам қаласында орта ғасырларда туылған екі ғалымның [Ала ад-дин ас-Сайрами – XIVғ.] мен Йахия бин Йусуф [Сайф ад-дин әл-Масри әл-Ханафи] ас-Сайрами – XVғ.] трактаттарының табылуын да үлкен оқиғаға балауға болады.

Ала ад-дин ас-Сайрами (Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи (?-1388) Орта Азиялық ортағасырлық Ас-Саккакидің “Мифтах әл-улум” атты трактатының бір бөлігіне 1342 жылы түсіндірме жазыпты. Көлемі 139 бет. Әр бет жолы 23 қатардан тұрады. Ал Йахия бин Йусуф ас-Сайрамидің (?-1429/1430 ж. қайтыс болған) дүниесі “Китаб Хашия әл-Мутаууал ли-шейх... Йахия бин Сайф ас-Сайрами” деп аталған. Сөйтіп оның Орта Азиялық кемеңгер Сағад ад-дин ат-Тафтазаниге қатысы бар.

Йахия бин Йусуф жоғырада айтылған Ала ад-дин ас-Сайрамидің інісі. Екеуі де Сайрамда туылған.

Кейбір деректерде оның аты-жөні Абд ар-Рахман ибн Йахия ибн Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса шейх аш-шуйих Адуд ад-дин ибн шейх аш-шуйух әл-аллама Сайф ад-дин ас-Сайрами әл-Ханафи деген ұлы да болғандығы айтылады.

Сондай-ақ оның есімі Әбу-л Аббас Таки ад-дин Ахмед бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Хасан Әли бин Йахия әл-Қустантини аш-Шумунни әл-Мисриге (1398-1468) байланысты да аталады. Деректерде **аш-Шумуни** дәріс алған ғұламалар ішінде Йахия бин Йусуф ас-Сайрами де бар.

Әбу Насыр әл-Фараби әлемге белгілі болса, ал қазақ жерінің ежелгі шаһарларының бірі Сайрамнан шыққан парасат иелерін жұрт әдетте біле бермейді. Сол себепті де осы ретте орайы келіп тұрған соң еңбектері Испанияның Эскуриал кітапханасынан табылған, XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ағайынды Сайрамитер мен олардың ойпаз, қайраткер ұрпақтары туралы да араб тіліндегі бұлақ көздеріне сүйеніп сөз ете кетейік.

### **1. Ала ад-дин Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами**

Бадр ад-дин әл-Айни (1361-1451) “Иқд әл-Джуман” атты еңбегінде Ала ад-дин (Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед) ас-Сайрами жайлы: “[нижраның] 788 жылының 3 раджабында – 1386 жылдың 31 шілдесінде ас-Сұлтан әл-Малик аз-Захир Барқұқ [Каирдегі] екі сарай арасындағы ғимарат құрлысын бітірді. Сұлтан оған сол жылдың 12 раджабында бейсенбіде зиярат етті. Онда оған қант пен лимон шырыны толтырылған үлкен шыныаяқ берілді.

Ол әлігі ғимаратқа (төрт) мазһаб үшін де, мүдarris пен шейх аш-шуйух лауазымына лайық әл-имам әл-алим әл-аллама Ала ад-дин Әли Сайрамиді тағайындау үшін де келді. Ала ад-дин сондай-ақ Ханафи мүдarrisі лауазымын да алды. Сол күні шейх хұтба оқыды, ол

онда өлеңмен сұлтан аз-Захир Әбу Саид Барқұқты (1382-1398) Құраннан көп дәйектеме келтіре отырып мадақтады, бата берді.

Бұл жиында әмірлер, қазылар, ғұламалар арасында маңызды кісілер де болды. Шейхқа сол күні сұлтан тарапынан оған дейін ешкім лайық болмаған көңіл аударылды. Сұлтан оның жайнамазын өзі тазалады, оған киімдер мен қашыр сыйлады.

Мұнда шейх аш-шуйух және ханафи шейхы ретінде бірінші болып Ала ад-дин ас-Сайрами және әл-хадис шейхы болған Маулана зада ас-Сайрами қызмет етті. Сонан соң аталмыш шейх Ала ад-дин медресе біткенше әл-Құдыс аш-шарифке [Иерусалимге] барып келуге сұлтаннан рұхсат сұрады. Сұлтан оған рұхсат берді.

Ол әл-Құдсқа жеткенде мен де қажылық жасау үшін сонда бардым. Мен [Умар] Шукри, ол шейх туралы естігенмін, бірақ оны көрмеген едім. [Сол себепті] мен онымен кездесуге ынтық болдым.

Кездескен соң оның ғылымды жақсы білетін, таңдаулы кісі екеніне көзім жетті. Кездесу кезінде ол маған өзімен бірге Мысырға барып, оның қызметінде болу жайлы ұсыныс жасалды. Бірақ олай ету менің жоспарымда жоқ болатын. Қажылық жасаған соң отанымға қайтқым келді. Бірақ ол, бұлай ету [үлкен кісілер] үшін керек деді. Соңыра бірақ мен отанымды және жақындарымды да қалдыруға шешім қабылдадым. Сөйтіп онымен Египетке аттандым. Біз Құдыста 10 күн болған соң, ұзамай Египетке келдік. Ол әлігі медресені тауып алды да, сонда жайғасты. Мен басқа жерге орналастым.

[Һижраның] 788 жылының 1 рамаданында – 1386 жылдың 29 қыркүйегінде ол маған хадим әл-худдам (қызметшілікті) ұсынды. Ол жұмыс маған лайық емес дедім. Ол бұл қызмет (оған) лайықты кісілер үшін [қажет] деді. (Ал) ол қызмет жеке мен үшін (ләзім). [Өйткені] Сен менің орынбасарым (наибымсың), медреседе менің атымнан хадиске қатысты барлық пәндер бойынша сабақ бересің деген соң осы шартқа мен келістім. Өйткені онымен қызметтестіктен көп пайда көрдім. Шейх қайтыс болғанға дейін міндетімді атқардым. Сонан соң кетейін деп едім, бірақ Шеркес әл-Халили уақытша бұрынғы қызметімде қалдырды,” дейді.

Бадр ад-дин әл-Айнидің “Иқ әл-джуманын” һижраның [һижраның] 784-801 жылдар оқиғасымен баяндауды әрі қарай жалғастырған Иман Умар Шукри “790/1388 жылы қайтыс болғандар” деген тарауында:

“Біздің шейхымыз әл-Мадраса аз-Захирия әл-Барқуқияның шейх аш-шуйухы Из-ад-дин ас-Сайрами Ала ад-дин Әбу-л Ала Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи қайтыс болды.

Ол әл-фиқһ және әл-усул бойынша илм әл-мағани уа-л баянның ерекше білгірі болатын. Ол ұлы шейхтарды тікелей танитын. Герат, Хорезм, Сарай, Қырым, Тебриз, Мысыр қалаларында пәтуа шығарып, сабақ берді,” – дейді.

Умар Шукри әрі қарай Ала ад-дин ас-Сайрамидің шығыс уалаяттарынан (Сайрам жақтан) келгенін айта отырып, оның біраз уақыт Мардинде тұрғанын, сонан кейін Шамға (Дамаскіге) қоныс аударғанын, одан Халабқа орныққанын, Халабтан оны Сұлтан әл-Малик аз-Захир Әбу Саид Барқұқтың Египетке сарайлар арасына салынған медресеге шақырып шейх аш-шуйух қызметіне тағайындағанын, содан оның дүниеден өткенше қызмет еткен деп еске алады.

Умар Шукри сондай-ақ оның Каирде [һижраның] 790 жылының жұмада әл-аууал айының 3-де – 1388 жылдың 10 мамырында 70-тен өте қайтыс болғанына тоқталған. Оған жаназа намазы Каирдегі ан-Наср қақпасының сыртында оқылыпты. Намазды сұлтанның наибы Судун аш-Шайхуни оқыған. Ала ад-дин ас-Сайрами сонымен Қубба ан-Наср жолындағы Йунус ад-Дауад-ар зиратында жерленген,” деп еске алады.

Ол дүниеден өткен соң оның лауазымын інісі аш-шейх Сайф ад-дин ас-Сайрами (?-?) атқарады. Ол бұдан бұрын біраз уақыт Тебризде тұрса керек. (Табризді) Ақсақ Темір қиратқан соң, ол қаланы талақ тастап, жанұясымен Халабқа (Сирияға) келген.

“Мен одан “эл-һидаһаның” үлкен бөлігін, “эл-Кашшафтың” бас жағын, Сағад ат-Тафтазанидың “Шарх ат-танкихын” “Баб әл-қийас” бөліміне дейін, сондай-ақ оның “Шарх ат-талхисын” тындадым.

Медреседе мен онымен алғашқы күннен ол қайтыс болғанға дейін бірге болдым. Бұл хрониканы көшірген – Египетке бауыры шейх Бадр ад-дин Махмудқа келген (катиб) Ахмед ибн Ахмед ибн Мұса әл-Айнтаби.

Оның орнына бұл лауазымға шейх Сайф ад-дин ас-Сайрами ие болды. Ол оған дейін біраз уақыт Тебризде тұрған еді. Ақсақ Темір (Тимур Ланг) шаһарды құлатқан соң, ол қаланы тастап, жанұясымен Халабқа келді.

– Әл-Маула әл-Фадил әл-аллама уа-л ұстаз әл-камил әл-фәһһама шейх әл-ислам **Ала ад-дин Әли ас-Сайрами**. Ол жайлы деректі Қырымдағы Кафа, (Кепе – қазіргі Феодосия) қаласының тумасы Махмұд ибн Сүлеймен әл-Кафауидің (?-1582/1583) “Катаиб аьлам әл-ахйар мин фукаха мазһаб ан-Нуғман әл-мұхтар” еңбегінен көрдік. Ол Ала ад-дин білім алған деп бірқатар Орта Азияның көрнекті ғылымдарын атаған. Солардың ішінде әуелі ас-сайид Джалал ад-дин әл-Гурланиді ауызға алады. Гурлани шейх әл-имам Хұсам ад-дин ас-Сығнақиден, ол шейх әл-имам Ала ад-дин Абд әл-Азиз әл-Бұхариден, ол “Кашфтың” авторынан [Әбу-л Қасым Замахшариден], ал ол шейх әл-кабир Хафиз ад-дил әл-Кабир әл-Бұхари Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Насрдан, ол шейх имам Шамс әл-аимма Мұхаммед ибн Абд ас-Саттар әл-Кердериден, ал “Әл-һидаяның” авторы шейху-л ислам Бұрһан ад-дин (ибн) Әбу Бакр әл-Фарғаниден дәріс алған. Оның “әл-Һидаясынан” имам, ұстаз Ибн әл-Каттани оқыған. Ол туралы ибн әл-һумам “Фатх әл-қадир шарх әл-һидаяда” былай деген: “Мен “әл-һидаяны” әл-һидаяның қариы деген атпен белгілі мырзам, шейх әл-имам Сирадж ад-дин Умар әл-Каттаниден, ол ұлық шейхтардың бірі Ала ад-дин ас-Сайрамиден, ол өзінің шейхы, осы кітаптың түсіндірушісі Сайид ас-Сайрами, сондай-ақ әл-аллама Уаджиһ ад-дин ад-Дили және әл-аллама аз-захид әл-кабир Шамс ад-дин әл-Хатиб ад-Дилиден оқыдым. Алла оған рахым етсін, ол [һижраның] 790//1388 жылы қайтыс болды”, – дейді.


Тақи ад-дин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-Дари әл-Газзи әл-Мисри (?-1546-1547) **Ахмед ибн Мұхаммед Ала ад-дин ас-Сайрами** туралы “Ол отанында [Сайрамда] білім алды, сонда фикһ, методология, әл-мағани, әл-байан бойынша бір топ ғалымдардан кемеліне келгенше тағлым алды. Ол бірнеше қалаларда дәріс берді: Маридинге келіп, біраз сонда күн кешті. Сонан соң Халабқа барып, сонда тұрды. Аз-Захир Барқұқ [екі] сарай арасына медресесін салған кезде, оны өзіне шақырды. Ол [һижраның] 788/138-1387 жылы [Каирге] келді де сонда софы шейхы, ханафи мұдarrisі болып тағайындалды. Бұл [һижраның] сол жылы раджаб айының 12-де – 1386 жылдың 9 тамызында болған еді. Сонда ол өзінің Жаратушысының: “Айт, О Алла патшалық иесі” деген сөзін айтты. Сонан соң “әл-Һидаһа” және өзге де кітаптар бойынша фикһ пен методологиядан сабақ берді.

Ибн Хаджар (әл-Асқалани – 1372-1449): “Біздің шейхымыз Изз ад-дин ибн Джамал оны суреттеудегі түсініктілігі мен кемелділігі үшін көтермелеп, жоғары бағалады. Ол одан өзге кітаптардан таба алмаған жайттерді тапқанын айтты” деген.

Ол әрқашан діндар, құдайдан қорқатын, көпшіл, кішіпейіл, өзіне-өзі риза емес, Жаратушының алдында өзін пақыр санағаны сонша, тіпті астмамен ауырып қалды. Сол аурудан ол [һижраның] 745 жылының джұмада әл-ула айының 3-де – 1393 жылдың 17 наурызында дүние салды. Алла оған рахым етсін” деп жазған.

– **Ала ад-дин (Ахмед ибн Мұхаммед) ас-Сайрами әл-Ханафи** туралы “Зайл әл-джауаһир әл-мудийасында” ибн Тулун (?-1546) да жазған. Ол “Ахмад ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи, Ала ад-дин Сарай, Қырым, Хорезм, Герат, Табриз, Каирде және басқа да қалаларда пәтуа шығарды. Ол және інісі Сайф ад-дин ас-Сайрами Сайрам қаласында туылған” дейді.





\*Ортағасырлық тарихшылар Низам ад-динді бірде Ала ад-диннің, енді бірде оның інісі Сайф ад-диннің баласы деп көрсеткен – Ә.Д.

